

17.02.2021 жыл № J00045

## Білім негізі бастауышта

**Умирбаева Гульзира Джумановна.**

Алматы қаласы. Жетісу ауданы. Сүйінбай атындағы  
№ 143 мектеп-лицей. Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі бастауышта қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан терең қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Қазіргі қоғамның даму динамикасының өзі білім беру жүйесінің толықтырылып, жетілдіріліп отыруын талап етеді. Сондықтан, жаңа технологияның негізі саналатын ізгілендіру мен демократияландыру – мектептегі оқу үрдісін жетілдірудің басты ұстанымдары. Балаларға ізгілік тұрғысынан қарау дегеніміздің өзі:

- балаларға деген ұстаздық сүйіспеншілік, олардың тағдырына алаңдау;
- баланың болашағына, қабілетіне сену;
- баланың кемшілігіне шыдамдылық көрсету;
- қарым-қатынастарды демократияландыру;
- мұғалім мен оқушының тең құқықта болуы;
- қателесу құқығы;
- өзіндік көзқарас құқығы;
- қарым-қатынас стилі, тыйым салма, бағыт беру, шектемеу, еркін таңдау мүмкіндігін беру.

«Ұстаз» деген сөз халқымыз үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. Ұстаздан тәрбие алған немесе ұстаз алдын көрген деген сөздер құлаққа «Ана тәрбиесін алған», «Ана сүтін еміп өскен» деген сөздермен мағыналық жағынан пара-пар естіледі десек қателеспейміз. Ағартушы, ғалым Ахмет Байтұрсынов жатық та түсінікті тілмен: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс, олақтық белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу, керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу

керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», - деп атап кетті. Міне, осындай міндеттерді жүзеге асыру жолында бүгінгі күн талаптары тұрғысынан қызмет етіп жүрген мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдерінің таңдап алған проблемалық тақырыптары бар. Тақырыптар бойынша мұғалімдер жылдар бойы жұмыс істеп, нәтижесін мектепішілік шығармашылық есепте, қалалық, облыстық педагогикалық оқуларда, түрлі конкурстар мен байқауларға ұсынып отырады. Осындай ізденіс – зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген мұғалімдерді атап айтар болсам:

Г.Е.Тазабекованың қалалық білім бөлімі әдістемелік кабинет жанына шығарылған «Ұстаздық шеберлікке жету жолында» тақырыбындағы кітапшаға іс-тәжірибесі енгізілді. Мұғалім Н.А.Шамшаеваның «Оқушыларды шығармашылық ізденіс жұмыстарына баулу жолдары» атты жұмысы мектепішілік мұғалімдер арасында таратылды.

К.Д.Ушинский бала жас болғандықтан ғана ойнамайтынын, балалықтың өзі оған ойнау үшін берілетінін айтқан. Ойын арқылы ұйымдастырылатын сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Ойын элементтерінің осы бір ерекшеліктерін өзі ісінде көрсетіп, оқушылардың интеллектуалды дамуын жетілдіру жолында шығармашылықпен жұмыс жасап жүрген ұстаздардың бірі Г.Қ.Қаусова: «Оқушыны тәрбиелей отырып оқытуда жаңа технологияны қолдану» тақырыбында ғылыми ізденіс жұмысымен айналысып жүрген К.Б.Байзақова оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін анықтауда диагностикалық жұмыс жүргізуде.

Бастауыш сынып бірлестігінде онкүндіктер өткізу, жарыстар ұйымдастыру, қалалық іс-шараларға қатысу, би үйірмесінің жұмыстары жолға қойылған.

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегін кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз айтқандай, жас жеткіншекке саналы тәрбие, сапалы білім беруде ұстаздарға шығармашылық ізденіс тілеймін.

17.02.2021 жыл № J00046

## **Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арттыру**

**Рустемова Жанар Нугмаровна**

Алматы қаласы. Медеу ауданы. № 33 мектеп-лицей

Директордын бастауыш сыныптардағы оқу ісі жөніндегі орынбасары

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі кезін әлемдік деңгейдегі білім беру тенденциясынан бөліп қарауға болмайды. Бұл әлемдік деңгейдегі қатынастың күшейе түсуіне байланысты. Қазіргі кезде Қазақстан бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін білім мен ғылымды дамыту жолына түсті.

Білім сапасын заман талабына сай көтеру үшін оқытудың жаңа технологиясын күнделікті сабақ жоспарына енгізген, үнемі ізденуден жалықпайтын жаңа әдісті тиімді қолдана білуді меңгерген ұстаз ғана нәтижелі табысқа жете алады. Қазіргі көзқарастар бойынша мұғалім оқушыны оқытпауы керек, оқушы өзі оқуы тиіс. Ал мұғалім оқушының ақыл-ойының дамуын ұйымдастырушы, балаға бағыт-бағдар беріп, басшылық жасауы тиіс. Сонда ғана білім сапасын жоғарылатып, қоғамға лайықты азамат тұлғасын тәрбиелеп шығарамыз. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальді, кәсіптік, адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Оларды сабаққа белсене қатыстыру үшін әр сабақ барысын жеке формада, жаңа әдісте жүргізу шарт. Сабақтың тиімділігіне бір-бірімен тығыз байланысты екі жағдай әсер етеді:

1. Мұқият дайындалу.
2. Шеберлікпен өткізу.

Дұрыс жоспарланбаған, оқушылардың оқу мүмкіндігімен санаспайтын сабақтың сапасы болмайды. Сабаққа дайындалу-нәтижеге жеткізетін шаралар жүйесін жасау, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру. Инновациялық технология бұл әдістердің бастамасы, яғни интербелсенді тақтаны қолданып сабақ жоспарын ұйымдастыру. Қазіргі кезде ортамызда орын алып жатқан оқытудың жаңашыл жобалары басшылыққа алынып келеді. Олардың бірі Қазақстанда 1997 жылдан бастап етек жая бастаған «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту жобасы».

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы- ашық қоғам негізі.

Ол өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу. Сын тұрғысынан ойлау-ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық сөзінің төркіні- «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Демек, бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап табу, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Шығармашылық деп жаңалық ойлап табатын іс-әрекеті деп тұжырымдалады. Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. (Л.С.Выготский) Оқушы шығармашылығын шыңдауға «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының берер көмегі зор.

«Сыни ойлауды дамыту» жобасы авторының бірі Ч. Темпл төмендегідей әдістерді ұсынады.

- Күтілетін нәтижелерді нақты айқындау;
- Жазба жұмыстарын жиі орындау;
- Оқушының ой-өрісін белсенділендіретін сұрақтар қою;
- Бірлесе оқу тәсілдерін қолдану;
- Оқыту пәндерін әлеммен, күнделікті өмірмен байланысын орнықтыру;

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейде ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес оны шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Бұндай тапсырманы оқушылар ерекше ынтамен орындап келеді. Нәтижесінде бала ойлай отырып, елестетеді, қиялдайды, болжам жасайды. Оқушыға тақырыптың мазмұнын толық меңгерте отырып, әсіресе, сурет салуға бейім балалардың ойын ұштай түстім. Сурет немесе шығарма жұмысы арқылы оқушының өзін-өзі тануына ықпал жасадым. Әрбір баланың еңбегін бағалап, мадақтау қажет.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасымен жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер сабақта баланың танымдық белсенділігінің артқандығын, өз бетінше жұмыс жасауға үйренгендігін, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін айтса, оқушылар- сабақтарының қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады:

1. Қызығушылықты ояту. Оқушы тақырыпқа байланысты өз білімін анықтайды, еске түсіреді. Тіпті қағазға жазып, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Яғни тақырыпқа қызығушылық басталып, зерттеу қалыптасады, белсенділігі артады.

2. Мағынаны тану. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

3. Ой толғаныс: Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Өзгелердің ой кестесін үйренеді. Үйренгендерін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Бір-бірімен ой алмастырады, ой түйістіреді, әр түрлі шығармашылықпен көріне алады.

Өз сабағымда осы бағдарламаның әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келемін. Ең әуелі оқушылар ойын шыңдап, кез-келген даму деңгейіне сыни көзбен қарай алады. Бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауды және бірін-бірі тыңдай білуді үйренеді. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айтатын болады. Сабақта оқушыларды орталықтарға бөлу кезінде сабаққа деген қызығушылығы артып, бір-бірімен пікір алмасып, еркін сөйлеуге үйренеді және сөздік қорлары молаяды.

Оқушы-ізденуші тұлға. Оқушының тілін ойын дамытып, байланыстырып сөйлеуге машықтандыруда жазу жұмысы басты рөл атқарады. Жазу арқылы оқушы тақырыпты тереңірек түсінеді, қызығушылығы артады, ойын дамытады және жазу дағдысын қалыптастырады. Ал жазуға дейін бала мәтінді оқып, тыңдап көңілге тоқып түсінеді. Мәтінді өз бетінше талдай отырып оның тақырыбы мен мазмұнын игеруде «Түртіп алу стратегиясы», «ЖИГСО», «ББҮ» әдістерінің маңызы зор. Ой қорытыу жинақтап бір түйінді пікір жасау үшін «Эссе», «Бес жолды өлең» әдістерін пайдалануда оқушылардың қызығушылығы артып, қисынды ойлап, сабаққа деген белсенділігі де артатындығын байқадым.

Қазіргі қолданылып жүрген сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу, оқыту мақсатына жеткізудің бірден-бір жолы. Мақсатқа жету оқушылардың өзі арқылы жүзеге асады.

Біз оқушыларымыздың таланттарын шыңдай түсуін, шығармашылығын көрсете білуін және оны жетілдіре меңгеруін қалаймыз. Ол үшін мектеп, мұғалім оқушының табиғи нышандарының оянуына, оның ақиқатқа айналуына көмектесуі қажет. Осы тұрғыда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасын өз уақытында қолға алынған дидактиканың бүгінгі күнгі көкейтесті мәселесін шешуге бағытталған бағдарлама деуге әбден болады.

Бүгінгі таңда мұғалім қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді дегенде, мұғалім ең алдымен бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пердерерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және бала жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады.

Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртіне нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Ал лайықты тұлғаға жету үшін үнемі ізденісте жүру қажет деп ойлаймын. Атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім жас бала үшін теңдесі жоқ күннің құдіретті сәулесі сияқты» деген сөздерді әр мұғалім үнемі жадында ұстау керек.

Қорыта айтқанда дәстүрлі оқыту баланы оқуға, жаттауға, есте сақтауға үйретсе «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы баланың дербес немесе топтаса, ұжымда бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасауына, алған білімін өмірде пайдалана алуға үйретеді. Заман талабына сай технологиялық ақпараттарды қолданып, олар арқылы сауатты да білімді ұрпақ тәрбиелеу әрбір ұстаздың борышы.

\* \* \* \* \*

19.02.2021 жыл № K00026

### **Ағылшын және қазақ тұрақты тіркестерін салыстыра оқыту тәсілдері**

**Шелекбаева Камаш Абдуалиевна**

Алматы қаласы. Медеу ауданы № 159 Ы.Алтынсарин

Атындағы гимназия. Ағылшын тілі мұғалімі

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қазақ тіліне аударылу мәселесі қазақ аударматануындағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бір халықтың рухы, жан-дүниесі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы аударма екені баршамызға белгілі. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып жүрген көркем аудармада өз кезегін күтіп тұрған мәселелер көп. Солардың бірі – тұрақты сөз тіркестерін аудару болып табылады.

Фразеология саласы - тіл біліміндегі ең күрделі сала. Сондықтан аудармашы сөйлем ішінен фразеологиялық бірліктерді ажырата білуі өте маңызды және сөйлемде кездесетін фразеологизмдердің ұлттық-мәдени бояуларын ажырата алуы қажет.

Фразеологизмдерді ажырату және оны аудару, аудармашыға көп қиындықтар туғызады. Мысалы, фразеологизмдердің көп компонентті мағыналарының құрамындағы сөздердің мағынасынан алшақ болуы, ең бастысы – сөйлем ішінде фразеологизмдерді еркін сөз тіркестерінен бірден ажыратып алуға болмайтындығы. Осыдан барып түпнұсқа тілден аударылған фразеологизмдердің толыққанды мағынасы аудармада күңгірттеніп, мүлдем өзгеріп кетеді.

Фразеологиялық аударма деп - аударма тілі мен түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдердің арасындағы мағыналық жақындықтарды іздеп, бір-біріне жақын фразеологиялық эквивалент табуды айтамыз .

Салыстырмалы тіл білімінде алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары Я.И Рецкер, А.В Федоров, В.Н Камиссаров, С. Влахов және т.б фразеологиздерді аудару мәселесі туралы ой пікірлер айтқан еді. Олардың пікірлеріне сүйеніп,

С. Влахов пен С. Флорин фразеологиздерді түпнұсқа тілінен аударма тіліне аударудың мынадай жолдары бар екендігін көрсетеді.

1. Фразеологиздердің аударма тілде кездескен эквивалентін беру арқылы аудару.

2. Аударма тілдегі вариантын беру арқылы.

3. Аударма тілде түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, варианты да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы.

Жоғарыда аталған аттары аталған орыс ғалымдары сөз тіркестерінің өзіне тән белгілері мен қасиеттеріне байланысты бірнеше амал-тәсілдерді ұсынған болатын. Сондықтан аты аталған ғалымдардың фразеологизмдерді аударудың бірнеше жолдарына сүйене отырып, оларды мынадай түрлерге бөлеміз: фразеологиялық аударма және фразеологиялық емес аударма. Фразеологиялық аудармаға толығырақ тоқталайық. Фразеологиялық аударма өз ішінен толық фразеологиялық эквивалент, жартылай фразеологиялық эквивалент, қатыстыық фразеологиялық эквивалент және фразеологиялық аналог деп бөлінеді.

1. Толық фразеологиялық эквивалент барлық белгісі жағынан, яғни образдылығы толық сақталған, түпнұсқа тілімен дәлме- дәл келетін, мағыналық жағынан да, стильдік, метафоралық, эмоцияналдық бояуы жағынан сәйкес, компоненттік құрамы мен лексика-грамматикалық көрсеткіштері бірдей, бірдей грамматикалық категорияға жататын фразеологизмдердің аударылуы. Түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдерді аударма тіліндегі фразеологизмдермен аудару, яғни фразеологизмді фразеологизммен аударылуын айтамыз.

2. Жартылай фразеологиялық эквивалент дегеніміз – түпнұсқа тілден аударма тілге алмастырылатын фразеологиялық бірліктің бірнеше вариантының ұшырасуы, яғни яғни түпнұсқа тілдегі фразеологизмдердің компоненттері аз болса, онда олардың аударма тіліндегі компоненттері көп болады, немесе керісінше, компоненттері көп болатын жағдайда, аударма тілінде аз болады. Аударманың бұл түрі аудармада көп кездеседі.

3. Қатыстық фразеологиялық эквивалент- мағыналары сәйкес келгені мен, синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы өзгешелеу болады, бірақ мағынасы бірдей.

4. Фразеологиялық аналог- берілген мәтінде бастапқа тіліндегі өзіне баламасыз тұрақты тіркесінің мағынасына ие аударма мәтініндегі аударма тұрақты сөз тіркестері.

Соңғы кезеңдерде жалпы түркі тілдері фразеологизмдерін орыс, ағылшын, неміс, корей, түрік, қытай, т. б. тілдеріндегі фразеологизмдерін салғастыра зерттеу, сөздіктер жасаудың тәжірибесі жинақталып, оның ішінде қазақ тілі деректерін басқа тілдердегі фразеологизмдермен салғастыра зерттеу барысында көптеген еңбектер, ізденістер жарық көрді.

Фразеологияның жан-жақты теориялық негізін және сөздіктер материалдарын басшылыққа ала отырып, ағылшын және қазақ тілдерінің фразеологизмдерінің лексика-семантикалық сипатын ашу ғылымға енгізгелі жүрген біздің де жаңалық ізденісіміз.

Белгілі ғалым С.Аманжолов фразеологизмдерді зерттеуді қолға алудың керектігін алғашқылардың бірі болып атап көрсетіп, бағыт бағдар береді және фразеологиялық тіркестердің сөйлем мүшелеріне қатыстылығын сөз етеді .

Түркі тілдес халықтар тіл білімінде фразеология мәселелерінің зерттелуіне І.Кеңесбаев (1946, 1968, 1977) еңбектері игі әсерін тигізсе, К.Аханов (1962), Р.Сәрсенбаев (1959), Ғ.Мұсабаев (1962), Х.Қожахметова (1972), А.Байталиев (1974), фразеологизмдердің теориялық-практикалық мәселелері бойынша алғашқы тұжырым жасаушы-зерттеушілер болды. Зерттеушілердің кейінгі буындары С.Төлекова (1975), Р.Жайсақова (1980), А.Елешова (1989), Г.Смағұлова(1993), С.Сәтенова (1990,1997), т.б. фразеологизмдерді әр қырынан зерттейді. Зерттеулердің бағыты сан алуан. Оны шамамен былай топтастыруға болады:

- Фразеологизмдердің теориялық-практикалық мәселелері;
- Фразеологизмдердің салыстырма-типологиялық мәселелері;
- Фразеологизмдердің жергілікті тіл ерешеліктеріне қатысы;
- Фразеологизмдердің стильдік қызметі;
- Фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан топтастыру;
- Фразеологиятану ғылымында фразеологизмдердің басты белгілері, релеванттық қасиеттері ретінде үш ерекшелігі аталады:

- 1) мағына тұтастығы;
- 2) тіркес тұрақтылығы;
- 3) қолдану тиянақтылығы

Мағына тұтастығы – дегеніміз фразеологизм компоненттерінің бастапқы мағынасынан түгел не жартылай айырылып, тіркестің біртұтас мағына беруін айтамыз. Тіркес тұрақтылығы фразеологизм компоненттерінің өзара орын тәртібінің сақталуын, ал қолдану тиянақтылығы олардың қолдануға даяр тұруынан көрінеді. Осы аталып отырған релеванттық қасиеттер қазақ және ағылшын тілі фразеологизмдеріне де ортақ заңдылықтар. Мысалы, қазақ-ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер:

- Көзінің ағы мен қарасы – the apple of one's eye;
- Kill two birds with one stone - екі қоянды бір таяқпен ұрып өлтіру;
- Cat and dog life — ит пен мысықтай өмір, т. б.



Бұл тіркестердің құрамындағы компоненттер бір-бірімен байлаулы, тұтасқан қалпында қолданылады. Олардың орнына басқа бір сөз қолдануға болмайды немесе басқа бір тілдік элементпен олардың бірін өзгерткен жағдайда жалпы мағынаға нұқсан келуі немесе фразеологизм табиғатына тән тәуелсіздік пен үйлесімділік бұзылуы мүмкін.

Жоғарыда аталып отырған тілдерде бейнелілігі және үйлесімділігінен, әуезділігі және терең мағыналылығымен ерекшеленетін сөз оралымдары жиі кездеседі. Олар кезінде еркін тіркес негізінде пайда болып, жылдар бойы өңделіп, халықтың жадында жатталып, бірте-бірте қолдануға даяр тілдік құралға, халықтық мұраға айналған. Фразеологизмдер – халықтың ғасырлар бойы көңілге түйіп, сұрыптап жеткізген, образдар дүниесінің тілдік элементтері. Адам, қоғам, табиғат, өмір немесе тағы да басқа құбылыстарды суреттеуде бейнелі фразеологизмдер сөз зергерлігі үшін таптырмас тілдік құрал болып табылады. Орайын тауып қолданылған фразеологизм ситуативтік, контекстік, стильдік қолданыс тұрғысынан ширатылып, сөздің мән-мазмұнының айқындала түсуіне ықпал етеді.

\* \* \* \* \*

19.02.2021 жыл № K00029

## **ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Бельгибекова Раушан Сырдарбековна**

Алматы облысы. Талғар ауданы. Мектеп жасына дейінгі шағын  
орталығы бар №19 көпсалалы мектеп-гимназиясы  
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан елінің болашағы да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр»,- деген болатын . Қазіргі таңда жеке тұлғаға бағытталған сабақ – бұл мұғалімнің шығармашылық орта қалыптастыруы ғана емес, сондай-ақ оқушылардың субъект ретіндегі өмірлік тәрбиесін үнемі назарға ұстауы, сол тәжірибеге сүйенуі болып табылады. Бүгінгі таңда білімнің мемлекеттік стандарттарына сәйкес Республика мектептерінде білім беру мен тәрбиенің мазмұнына түбегейлі жаңарту қажеттілігі туындауда. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр.

Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. «Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани азығы» дегендей халқымыздың өнерпаз дәстүрі бүгінде жаңаша сипаттар тауып, өркендеп отырғаны мәлім. Ата-бабамыздың қалдырған бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей, жаңа өмірдің талабына лайық жауап беретін туынды жасау мүмкін емес. Жаңа туындының тамыры көне дүние тарихымен неғұрлым терең астасқан сайын оның өрбіп өскен жапырақты бұтақтары да жаңа заманның рухынан нәр алып, сол ортаның идеологиялық және рухани жағдайына лайықты мазмұн мен мағына беруі тиіс.

Қазақ халқының сәндік - қолданбалы өнері ғасырлар бойы еліміздің тарихымен бірге дамып келе жатқан асыл мұра. Қазіргі қоғамымызда рухани бай, терең білімді сәндікқолданбалы өнер туындыларын, әсіресе, көнеден келе жатқан асыл қазыналарды бағалап, зерттей білетін, оны ары қарай жалғастыра отырып, әлем мәдениеті деңгейіне көтеретін, халық мұрасын дамытатын, танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығару – мектептің міндеті. Жас ұрпақтың оқуға, өнерді тани білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі танымдық белсенділік деп аталады.

Баланың өнерді үйренуіне негізгі түрткінің бірі – қызығу. Ұлттық қолөнерінің жемісті болуы, ең алдымен, баланың өнерге қызығушылығынан туындайды. Егер оқушы өзі өнерге талпынбаса, оны мәжбүрлеп үйрету мүмкін емес. Қызығуды туғызу үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты өнердің сатыларын үйрету керек. Оқу тәрбие жұмысындағы нәтижеліктің басты белгілері мұғалімнің жеке басының білімділігі, шеберлігі, өмір танымы, өз пәніне шәкірттерін иландырып, қызықтыра білуінде. Қазіргі таңда ұлттық ерекшеліктермен жасалған бұйымдарға сұраныстың артуы оқушыларды қазақ халқының кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындай білу іскерлігіне баулу қажеттігін тудырады.

Бұл мәселені шешудегі негізгі себеп оқушы жастарды жаңа экономикалық жағдайда еңбек етуге өз бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндіктерін іске асыруға даярлау. Әр елдің тарихының көркемдік бейнесі сол ұлттың қолөнері деп айтуға болады. Халқымыздың қолөнеріне оқушыларды баулып, оларды белгілі бір өнерге үйрету керек. Негізгі мақсат оқушыларды өнерге үйрету ғана емес, одан өнер туындыларын жасауға баулу.

Қазіргі кезде күнделікті тұрмыста қолданылатын кейбір заттарды техниканың көмегінсіз қолмен жасауға болады. Қолмен жасау ерекше жабдықты, арнаулы орынды, белгілі мезгілді керек етпейтін қарапайым, әрі тиімді еңбек түрі. Мысалы: кілем, шілтер, кесте, бисермен тоқу, т.б. Сондықтан мектепте сәндік-қолданбалы өнер үйірмесінің, студиялардың құрылып, әрекет етуі маңызды саналады.

Себебі, ол ұлттық өнер түрлерін кең көлемде үйретеді. Сабақтан тыс уақытта оқушыларға өнер студияларында сәндіқолданбалы өнер туралы білім беріледі, оқушылар әртүрлі өнер түрлерімен танысады. Атап айтқанда: -шілтер, жастықты тоқу, кілеммен тоқу, қуыршақ тоқу. -шәлі, мойынорауыш, шұлық, қолғап, т.б. бұйымдарды сыммен тоқу. -мата бояу-батик. - табиғи материалдармен жұмыс, қайыс, былғарымен әртүрлі панно жасау және т.б. Студиялық сабақ мақсаты – оқушылардың өнерге қызығушылығын арттыру, әр бұйымға қойылған эстетикалық талғамын жоғарылату, ол бұйымдарды қазіргі тұрмыста пайдалана білуге тәрбиелеу. Шығармашылық жұмыс жасарда, оқушы алдына мақсат қойып жоспар жасайды.

Жұмыс әдісінің ерекшелігін, алуан түрлілігін, оқушылар қызығушылық таныта отырып меңгергенін көпшілікке дәріптеу мақсатында теледидардан көріп, шығармашылық жұмыстарын көрмелерге, жәрмеңкелерге дайындау, сабақтың тартымдылығын арттырып, оның қызықты да нәтижелі өтуіне ықпал етеді. Мысалы, гүл вазаларының астына қоятын шілтер, ыстық тағам ұстайтын тұтқыш, шәйнек астына қоятын дөңгелек, сыйлықтық қоржын т.б. Оқушыларды ұлттық өнерге баулуда мектептегі технология пәнінің маңызы зор.

Бұл пән басқа пәндерге ұқсамайтын, өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім тәрбиелік мүмкіндігі зор пән. Технология пәнінің базалық мазмұны оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтау қабілеттерін дамытады, өзіндік танып білулеріне технология әлемін зерделеуіне, әр түрлі кәсіби салалар бойынша қабілеттіліктерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды. Үнемі өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз дамытуды талап етеді. Осы тұрғыдан сәндік қолданбалы өнерді жан-жақты игеру, оны түсіну жаңа педагогикалық технология бойынша оқушылардың білім мен сапасын арттыруға, ойсапасының дамуына мүмкіндік жасайды. Бүгінгі егемен еліміздің іргетасын нығайтып, келер ғасырға жалғастыратын, көкірегі ояу, саналы, арманшыл жастар екені даусыз.

Тарихтың асыл қазынасын оқып үйренуде, халықтың мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуде дана халқымыздың қолөнер үйренуде шығармашылық қабілеттерін дамытуды қажет етеді. Қазіргі заман интерьері қолөнер шығармашылығы саласынан білімділікті, бейімділікті, кәсіпкерлік шеберлікті, үлкен бір шығармашылықты, өзіндік стильді талап етеді.

Заман талабына сай мектепте көнеден келе жатқан сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету бүгінгі таңда үлкен мәселенің бірі болып отыр. Қазір өнердің шарықтап етек жайған уақытында оқушыларға кесте тоқу, кілем, гобелен, бисермен тоқу және әртүрлі өнер түрлерін үйретуді мектеп бағдарламаларына көбірек енгізіп, оқушының шығармашылық қабілеттерін жандандырса, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдениетін көтеру арқылы ұлттық деңгейімізді көтерер едік.

Жеткіншектердің әдебиеттен, архитектурадан, математикадан, театрдан, музыкадан, бейнелеу, мүсіндеу, кесте тігу мен ою-өрнек қиып үйрену өнерінен хабардар болуы, келешекте қандай мамандықта жұмыс істесе де, оқушылардың рухани өрісі жоғары, кемел азамат болып шығуына жол ашатыны анық. Өнердің басқа да түрлері секілді дизайнның де, оқушылардың ой-өрісі мен білімдерін жан-жақты дамытуға әсері мол.

Болашақ зергер, мүсінші және суретшілер де әліппесін мектепте-ақ бастайды. Сондықтан, мектеп - өте күрделі зертхана. Оның қабырғасынан алған білім мен тәрбие әрбір оқушының қолындағы өмір үшін қажетті кілті іспетті. Бұл ортада оның сезімі мен сезімталдығы (интеллект) пайда болып, дамиды, қоршаған ортасына, әлемге, қоғамға, мәдениетке деген көзқарасы қалыптасады. Қазақстандық білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес қазіргі кезеңде болашақ мұғалімді тек белгілі бір пән саласындағы маман ретінде ғана емес, сонымен қатар инновациялық білім беру ортасын дамытуды ұйымдастыруда құзіреттілігі жоғары тұлға ретінде даярлау көзделген.

Адами қасиеттерді дамыту, оны қабілеттілікке дейін жеткізу оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі және оларды танымдық процестерді білмей, дамытпай іске асыру мүмкін емес. Аталмыш жағдайларды іске асыруда қабілеттілік өзі біртіндеп пайда болып, сапалы тұрғыда толысады.

Ал қазіргі кезде танымдық процестерді дамытуды білім беру әрекетінде ұтымды да сәтті іске асыру үшін оқытудың жаңаланған құралдары мен әдістерін іздестіру қажет. Бейнелеу өнері сабағында компьютерді, оның ауқымды әмбебаптық мүмкіндіктерін жан – жақты қолдану көтеріліп отырған аталмыш мәселенің бір мысалы болып табылады. Қазіргі дамыған қоғамда оқушылардың бейімділігі мен мүмкіндіктерін қалыптастырып, арттыруда бейнелеу өнері сабағында компьютерді қолданудың қажеттілігі артып отыр. Оқу – тәрбие процесінде компьютерді қолданудың ауқымы кең: қарапайым тестілеуден бастап, олардың жекелеген ерекшеліктерін есепке ала отырып әр түрлі ойындарға дейін жеткізуге болады.

Компьютер оқып үйренудің объектісі және құралы да болуы мүмкін, яғни оқытуды компьютерлендірудің екі бағыты бар: ақпарттандыруды меңгеру және оны әр түрлі пәндерді танып білуде қолдану. Бұл жерде компьютер оқыту тиімділігін арттыруда қуатты құрал болуы шарт. Осы уақытқа дейін ешқандай оқытушы дәл қазіргідей қуатты оқыту құралын пайдаланбағаны баршамызға мәлім. Қазіргі заманға лайықталған компьютер оқушының деңгейіне тең партнері болып табылады. Ол оқушының жеткілікті емес сұраныстарына, әрекеттеріне жауап беруге ыңғайлы. Оқушыны компьютермен жұмыс жасаудың жаңашылдығы емес, оның сабақта қолдану мүмкіндігінің ауқымдылығы қызықтыруы керек. Оқушы компьютердің көмегімен сабақ барсында өзіне қажетті материалдарды сұрыптап, тапсырманың қиындық деңгейін анықтап, дұрыс шешімдер қабылдай алуы керек.

Оқушы компьютердің көегімен өз қабілеттілігін арттыра алуы қажет, яғни бейнелеу өнері сабағында өзіне қажетті композицияны шығара алу, оның түрін, түсін, дауысын таңдауда әр түрлі ахуалдарды меңгеруге дайын болуы керек. Бейнелеу өнері сабағында компьютерді қолдану оқушыға ғана емес, оны бақылап, бағалайтын оқытушыға да тиімді.

Біз оны компьютерді толықтай қолдану дәрежесіне жету барысында байқадық. Компьютерді қолдану сабақты тек қызықты етіп қана қоймай, сонымен бірге оқушының елестетушілік қабілетін (фантазиясын) байытады. Компьютерді бейнелеу өнері сабағында жаппай қолдану барысында оқушылардың шығармашылық белсенділігінің, сабаққа деген ынталарының артқандығын байқадық. Компьютерді бейнелеу өнері сабағында қолданудың тағы бір тиімді жолы, ол оқушының жасаған жұмыстарына қайта оралып келе алуы, әрине қолмен жасалған жұмыстарда алғашқы әрекетті қайталаудың қиындық тудыратыны мәлім, бұл жерде аталмыш пәндердің шығармашылық бағытта екендігін естен шығармаған жөн.

Бейнелеу өнері сабағында компьютерді қолдану арқылы біз оқушының қателерін бірден түзету ғана емес, сонымен бірге оның жасалып жатқан жұмыстарын компьютерде сақтап қою арқылы салыстыру мүмкіндігіне ие болдық. Алғашқы және кейінгі жұмыстарын салыстыра отырып, оқушы өзінің қателерін сезініп қана қоймайды, сонымен қатар қателерді жою барысында жаңа жолдарды іздестіру қабілетін арттырады.

Компьютер арқылы оқушы саусақпен жұмыс жасайды, саусақпен жасалатын жұмыстар сөзді дамытады, біз бұл жерде сурет әлеміндегі сөзді айтып отырмыз. Өзінің суреті арқылы оқушы өзін таниды, өзін қоршаған әлемді өзінің елестетуімен бенелеуге тырысады, яғни өз сөзімен суреттейді. Компьютер арқылы ол өз жұмысын бастапқы жағдайға бірнеше мәрте орала отырып еш қиындықсыз қорғай алады. Мамандардың айтуы бойынша тілді дамытудың қажеттігі қандай болса, сурет салуды дамыту да сондай болуы керек. Сондықтан компьютермен оқушының жалпы танысуы оның өзіндік шығармашылық жұмыстарын компьютердің экранына шығарудың алғашқы жолы болып табылады. Кез келген объектінің тірек нүктесі болады, міне осы салада оқушы ол объектіні компьютердің көмегімен ұлғайтуға, кішірейтуге, топтастыруға, жүйелеуге т.с.с. әрекеттерді іске асыру мүмкіндігіне ие болады. Компьютермен сурет салуда оқушы әр түрлі геометриялық фигураларды (шеңбер, бұрыштар, қисық сызықтар) дәлме – дәл бейнелей алады.

Оқушы компьютер арқылы «нағыз» суретшінің қолданатын құралдарын (қарындаш, циркуль, пульверизатор) графикалық редакторға алмастыра алады. Жалпы, осындай бағдарламамен жұмыс жасау қарындашпен қағазға сурет салу процесін еске түсіреді. Графикалық редактор белгілі қолданбалы бағдарламалардың бірі. Мүмкіндіктері әр түрлі болып келетін мұндай бағдарламаның түрі өте көп.

Аталмыш бағдарламаның оқушының өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруда маңызы зор. Бұл бағдарлама арқылы оқушының әр қайсысы мәтіндік ақпарат пен түсті мониторда 256, соның ішінде 16 монохромды түсті ала алады. Оқушының көкірегінде жаңа өмірге лайықталған техникамен жұмыс істей алатын шығармашылық қабілеттерін дамыту бейнелеу өнері мұғалімінің еншісінде.

\* \* \* \* \*

20.02.2021 жыл K00040

## **БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ СЫЗУ ПӘНІ МҰҒАЛІМІН ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

### **СЕЙДАХМЕТОВА РАУШАН СУИТБЕКОВНА**

Алматы қаласы. Жетісу ауданы. Сүйінбай атындағы  
№143 мектеп-лицейдің «Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі

Болашақ технология, бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындаудың әдістемесі пәнінде жоғары оқу орындарындағы оқыту үрдісінде болашақ мұғалімді дайындаудың әдістемелік құрылымы туралы мынадай тұжырым жасауға болады:

1. Көркемдік эстетикалық білім мен тәрбие беру мәселелерінің методологиялық жағына назар салудың бір жағы пәнді оқытып, үйрету әдістерін жасау. Әдіс танымдық үрдістердің тәсілдері мен жолдарының жүйесі ретінде өнерді оқытуда маңызды рөл атқарады, оның нәтижелері көбінесе қолданылатын әдістердің жетілген дәрежесімен айқындалады.

2. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындаудың әдістемесінде қажетті болашақ мұғалімнің алғашқы әдістемелік білімдер жүйесі-қолөнерді мектепте оқыту әдістемесі пәні арқылы оқытудың қазіргі жағдайына диагностика жасау.

3. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындаудың әдістемесінде болашақ мұғалімдерді көркемдік білім берудегі қазіргі заманғы тәжірибелерді саралау арқылы бағдарлы оқытудың басты бағытын анықтауға ықпал ете отырып, жоғары сынып оқушыларының жеке қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктерін, өмірдің өзекті тұстарын пайымдауына, келешекте олардың өнер түрлерінен жоғары оқу орындарда білім алуға бағытталуына әсер ету; әртүрлі өнер түрлерінің әсер ету күшімен оның заңдылықтарына сүйене отырып, жоғары сынып оқушысының тұлғасын қалыптастыру; оқушыларды Отандық және шетел өнерімен таныстыру, олардың рухани ішкі дүниесін байытып өнерді қабылдап, түсінуін арттыру; тыңдаушы, көрермен, оқырмандық қабілетін дамыту; көркемдік мәдениеттің даму үрдісінің заңдылықтарын ашатын білім, білік, дағдыларын жетілдіру; өнер

тілін меңгеруге, көпұлтты Қазақстан жерін, өз Отанын мақтан тұтып, әлемдік мәдениетке деген құрметін тәрбиелеу әдістерін үйрету іс әрекеттері болып анықталады.

4. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі арқылы мектеп оқушыларына қолөнер арқылы эстетикалық тәрбие беру болашақ ұрпаққа сұлулық пен әдемілікті дұрыс ұғынуға жетелеп, сезім байлығын қалыптастыруда көркемдік білім беруді ұйымдастыру формалары дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтар (мектепте немесе мектептен тыс), сабақтан тыс тәрбие сағаты, байқаулар, кештер өткізу, семинар, пікір сайыстар, форумдар, т.б ұйымдастыру әдістерін табу. болып табылады.

5. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі арқылы әдістемелік оқытуды ұйымдастырудың шешуші факторлары: болашақ мұғалімдер мен оқушылардың қолөнер шығармаларының тәрбиелік ықпалы туралы түсініктердің болуы; өнердегі әсемдікті, сұлулықты көріп, оны бағалай білу; жергілікті өлкетану мұражайы, өнер мұражайларында оқушыларға өзіндік жұмыстар жүргізілуі, көркем шығарманы талдауға және ол туралы өз пікірін сауатты жеткізе білуге үйретіп, көркемдік пікірлерін қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамытумен анықталады.

6. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға оқытуға дайындаудың әдістемесінде қажетті болашақ мұғалімнің әдістемелік дайындығы олардың әдістемелік білімдері мен әдістемелік іскерліктерінің дағдыларының жеткілікті деңгейінің болу қажеттілігімен сипатталады. Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді сараптау нәтижелері мен көркемдік білім берудегі қазіргі заманғы тәжірибелерді саралау барысы бағдарлы оқытудың басты бағытын анықтауға ықпал етеді-жоғары сынып оқушыларының жеке қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктерін, өмірдің өзекті тұстарын пайымдауына, келешекте олардың өнер түрлерінен жоғары оқу орындарда білім алуға деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, адамгершілік, әсемдік, отансүйгіштік қасиеттері жетіліп, өзіндік шығармашылық дербестікке жетудің алғы шарттары қалыптасатындығын көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы оқыту процесінде болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі арқылы мектеп оқушыларының көркемдік білім алуына эстетикалық тәрбиесіне болашақ мұғалімдерді дайындау әдістемесінің ұтымдылығын зерттеу мынадай міндеттерді анықтауға мүмкіндік туғызды:

1. Болашақ бейнелеу өнері, сызу мұғалімдерін өнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесі арқылы көркемдік білім беруді ұйымдастыру үшін болашақ мұғалімдерге көркемдік білім беру үрдісінен, бейнелеу өнерінен оқу мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және оны талдау туралы білімдерді меңгерту қажеттігін көрсетті.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін өнер пәнін оқытуға дайындау әдістемесі студенттерді арнайы әдістемелік білім мен іскерліктерін менгерту дайындығынан өткізу қажеттігі туындады. Жаңартылған бағдарламада көркем еңбек деп аталатын пән, бұрынғы аталуы бейнелеу өнері пәні деп қала берсе.

2. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындаудың әдістемесіндегі шешуші фактор «Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі» атты болашақ мұғалімдерге арналған элективті курсы ұйымдастыру болып табылды. Курс мазмұны болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі оқытудағы теориялық және практикалық тұрғыдағы басты бағыттары, көркемдік білім берудің тарихы, қолөнер тарихын мектепте оқытудың мақсаттары мен міндеттері және осы заманғы педагогикалық талаптар, өнер шығармаларын қабылдаудың өнертанымдық негіздері, өнерді оқытудың әдістемелік негіздерін ұйымдастыру әдістері болып негізгі төрт бағытты қамтитынын көрсетті. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау оқу үдерісін мақсатты түрде ұйымдастыру, өз бетінше жұмыс жасай алатын маман дайындау міндетіне бағындыру, оқыту ісін білімгердің өзін-өзі бақылай алу және өз жұмысын өзі ұйымдастыра алу деңгейін арттыратын белсенді білім беру мен тәрбиелеу формаларымен байытуды қажет етеді. Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының қазіргі кездегі көкейкесті мәселелерінің бірі ретінде оның негізгі ұғымдары мен түсініктерінен құралады.

Педагогикалық әдебиеттерде әдістеме белгілі-бір мақсат қойып орындалуы жоспарланған білім көздерін менгеру жолындағы болашақ мұғалімнің іс-әрекеттерінің мазмұны, кезеңдері, формалары және олардың жеке әдістері түрінде түсіндіріледі. Болашақ мұғалімдерді әдістемелік іс-әрекетке дайындаудың негізгі ұғымдары-әдістемелік тұрғыда оқыту, тәрбиелеу және жеке шығармашылық тұлға ретінде дамыту болып табылады.

Оқытуға дайындау әдістемесі-оқыту мазмұнын жоспарлау, оқыту үдерісін басқаруды жоспарлау, оқыту нәтижесін бақылау, оқыту әдістерін жобалау, білім беру жобасы, білім беру әдістерін классификациялау т.б. ұғымдарын біріктіреді. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесінде қажетті болашақ мұғалімнің алғашқы әдістемелік білімдер жүйесі-өнер пәнін оқыту әдістемесі пәні арқылы оқытудың қазіргі жағдайына диагностика жасау әдістері, оны жоспарлау әдістері, ұйымдастыру әдістері және ұйымдастырылған іс шараларды талдау әдістері туралы білімдерімен айқындалады. Жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісінде болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау арқылы мектеп оқушыларының көркемдік білім алуына эстетикалық тәрбиесіне болашақ мұғалімдерді дайындау әдістемесінің ұтымдылығын зерттеу мынадай міндеттерді анықтауға мүмкіндік туғызды:



1. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау арқылы көркемдік білім беру үдерісін ұйымдастыруда қолөнерден оқу мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және оны талдау туралы білімдерді меңгерту қажеттігі туады.

2. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындаудағы шешуші фактор «Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі» атты болашақ мұғалімдерге арналған элективті курсты ұйымдастыру болып табылды. Курс мазмұны өнер пәнін мектепте оқыту әдістемесін оқытудағы теориялық және тәжірибелік тұрғыдағы басты бағыттары, көркемдік білім берудің тарихы, өнерді мектепте оқытудың мақсаттары мен міндеттері және осы заманғы дидактикалық талаптар, өнер шығармаларын қабылдаудың өнертанымдық негіздері мен өнерді оқытудың әдістемелік негіздері, ұйымдастыру әдістері болып негізгі төрт бағытты қамтитынын көрсетеді. Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындау әдістемесі арқылы болашақ мұғалімдерді көркемдік білім беруге дайындаудың ұсынылған әдістемесі негізінен үш бағдарламаны бір жүйеге біріктірсе:

1. «Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі» болашақ мұғалімдерге арналған элективті курс бағдарламасы іске асырылса;

2. «Қолөнер пәнін оқыту әдістері» болашақ мұғалімдерге арналған өздік жұмыс тапсырмасы жасалынса.

3. «Қолөнер пәнін оқыту тәсілдері» атты болашақ мұғалімдерге қолөнерді оқытудың өнертанымдық негіздері мен көркемдік білім берудің педагогикалық іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыздандыратын бағдарламасы қосылса.

Болашақ технология пәні мұғалімдеріне қолөнерді оқытуға дайындаудың дидактикалық шарттары: Мазмұндық қамтамасыз ету: «Қолөнері тарихы мен теориясы», «Қолөнерді оқыту әдістемесі» пәндерінің бағдарламасын жасау сол бойынша дәрістік, тәжірибелік сабақтар өткізу; «Педагогикалық іс тәжірибе» бағдарламаларына қосымшалар енгізу арқылы мектептегі өнер пәнінен сабақтар мен сабақтан тыс тәрбиелік іс шаралар ұйымдастыру; «Қолөнер пәнін оқыту әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасын жасау және оның сабақтарын өткізудің әдістемесі карастырылады.

Ұйымдастырушылық қамтамасыз ету: дипломдық жұмыс, курстық жұмыс, қолөнер мұражайларына экскурсиялар ұйымдастыру, тренинг, тест тапсырмалары, қолөнер туралы пікір алысу, баяндама, нұсқау, кеңес беру, сауалнама, конференция, семинар, дебат, көрме жұмыстары ұйымдастырылады. Әдістемелік қамтамасыз ету: оқу бағдарламалар, оқулықтар, көрнекілік құралдар, электрондық оқулықтар, дидактикалық материалдар, оқытудың инновациялық технологияларының болуы.

Материалдық қамтамасыз ету: кітапхана қоры, интерактивті тақта, видео, компьютерлік кластар оқу материалдарымен жабдықталуы.

Ұсыныс:

1. Ауылдық мектептерде техналогия, бейнелеу өнері және сызу пәндерінің сабақтарына қажетті құрал-жабдықтармен, кабинетпен, компьютермен проекторлармен толық жабдықталса, оқушылардың қызығушылығы артар еді.
2. Уақыт көбірек бөлінсе, аптасына 2 сағттан, практикалық жұмыс өнімді болар еді.
3. Жаңартылған бағдарламада көркем еңбек деп аталатын пән, бұрынғы аталуы бейнелеу өнері пәні деп қала берсе.

\* \* \* \* \*

20.02.2021 жыл К00043

**Тәуелсіз елге - білімді ұрпақ**

**ДУЙСЕНБЕКОВА УЛШАТ САГЫМБЕКОВНА**

*Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Кеңестөбе елді мекені "Шұғыла "  
бөбекжай балабақшасында методист /тәрбиеші*

**"Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,  
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында".  
Н.Ә.Назарбаев**

Балабақшадағы бала тәрбиесі бір қарағанда елеусіздеу көрінуі мүмкін. Әйтсе де оның жауапкершілігі ұшан-теңіз. Қарапайым іс-әрекеттерден басталатын тәрбие жұмысы бірте-бірте күрделілене береді. Баланың аты бала, олар ойын балалары. Тәрбиеленген ортасы, мінез-құлықтары да әр түрлі. Сондықтан да тәрбиешіге жұмыс барысында әр балаға қарым-қатынас жасауда педагогикалық тәжірибе мен шеберлік аса қажет.

Болашақ ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Себебі артқа қалған із қандай болса, ұрпағымыздың болашағы да сондай болмақ. Біз балабақша табалдырығын аттаған бала бойына адамгершілік отансүйгіштік қасиетін сіңіре білуіміз керек.

Өмірге енді ғана қадам басқан бүлдіршінге жан тәрбиесі өте қажет, ол баланың болашағына, оның тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Халық педагогикасында тұрмыстық ережеге айналып, халықтың санасына еніп, салтына сіңген әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәні ешқашан өз құндылығын жоймайды.

Халықтың тұрмыстық іс-әрекет дағдысына адамгершілік асыл қасиеттер мен үлгілі істер, әуелі дағды, содан соң ол дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға айналып, өмір заңдылығы болып қалыптасқан.

Осы заңдылыққа сүйене отырып, балаларды инабатты, кішіпейіл, кешірімді, әр нәрсеге адалдықпен қарауға тәрбиелеу сабағын өтеміз. Ол сабақтың қамтитын тақырыптарының аясы кең, мысалы, "Бата-тілек" сабағын алайық. Бата, тілек - адам баласына жақсылық ойлау, ол балаларды бірлікке, әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Бала негізгі өнегені алдымен отбасында ата-анасынан алады. Әрине, кім болса да өзінің, баласын жаман болсын демейді, оның тәрбиелі, білімді, өнегелі болғанын қалайды; әрі еңбек сүйгіш, мінезге бай азамат болса, еліне халқына пайдасын тигізетіндей бір маман, үлкен дәрежелі қызмет иесі болса екен деп те тілейді. Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ана-ананың өзі. Бала тәрбиесі бесіктен басталады.

Балаға дүниеге келісімен көп көңіл аударып, "Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі" дегендей, оның бойындағы өнегелі қасиеттерін отбасында қалыптастырған жөн. "Балаға білім беру үшін, ең алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім ертең бір апатқа әкеп соғады" деген ойшыл, энциклопедист ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби. Баламызды балабақшаға жіберіп, бақша тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықты тәрбиешіге салып қойғанымыз жеткіліксіз. Баланы балабақшаға берген соң ата-ана тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс.

Тәрбие ісінде тәрбиешінің ролі, орны қандай? Балабақшаға таңертең ата-анасы баласын әкеліп тастайды да кешке бірақ алады. Осы таңертеңгі 8-ден бастап

кешкі 6-ға дейін бала тәрбиешінің қарауында. Бала тәрбиешінің әр сөзін қалт жібермей естіп, қабылдауға тырысып отырады. Жақсы сөз айтылса да, келеңсіз сөз айтылса да - бала назарынан тыс қалмайды, Себебі біз — тәрбиешілер, балаларға үлгіміз. Сондықтан, әр тәрбиеші ең алдымен өзі тәрбиелі, білікті де ұстамды, парасатты болуы қажет.

Ересектердің баланың әрбір іс-әрекетіне назар аударып, дұрыс жолға салып отырудың нәтижесі зор. Ақын Мағжан Жұмабаев: "Бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы сезімі, қайраты - бәрі бірге жұмсалады", - дейді.

Ендеше, осы балалық шақта балабақшада алған баланың әсері, оның алдағы уақытта тұлға болып қалыптасуына мәңгілік із қалдырады. Балабақшаға бала тәрбиелеймін деп келген адам бала бойына адамгершілік қасиет ұрығын себе алмаса, оның еңбегінің еш кеткені. Өзіміздің туған баламыз қандай болып өскенін қаласақ, ендеше, барлық балаларға да сондай көзқараспен қарауға міндеттіміз. Адамгершілік дегеніміз - адалдық. Егер де біз бойында адамгершілік қасиеті бар адам тәрбиелесек, ол адам өмір кемесінен өз орнын тауып, өзгеге де өнеге болары хақ.

Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің өзектілігі — ол атабабадан қалған асыл мұраны жеткізу. Біз, яғни болашақ ұрпақ тәрбиесімен айналысатын тәрбиешілер, халықымыздың таусылмас бай асыл мұрасына жүгінсек, ұрпағымыз біздің іс-тәжірибемізге, ой-санамызға, парасатымызға жүгінуі тиіс. Сондықтан біздің балабақшамызда жүргізіліп жатқан жұмыс бағыты балаларды атабабадан қалған салт-дәстүрлерге, адамгершілікке баули отырып, жаңа дәуір технологиясын табысты игеру.

Бүгінгі таңда тіл туралы аз айтылып жатқан жоқ. Ана тілін қастерлеген адам өз халқының тарихын, тұрмыс жағдайын, тыныс-тіршігін жақсы біледі, Тіл білген адам - мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы оның тілінен көрінеді, ал тілдің өзі адам психологиясын байқататын құрал. Сондықтан балабақшадан бастап өз ана тілімізде сөйлеп, өз халқымыздың қадір-қасиеті, рухани құндылығымызды біліп өссек, болашақ ұрпақ та өз тілін қадір тұтады. Тіпті өмірде болып жатқан жаңалық та, басқа да оқиғалар біздің сана-сезімге тіл арқылы келіп жетіп, жалғасын табады. Бала бойына Отанына деген сүйіспеншілік қасиет сәби шағынан бастап сіңеді.

Тіліміздің құндылығы бала жүрегінде сақталады.

Бала тәрбиесінде мына мәселелерді есте сақтаған жөн:

1. Балалардың денсаулығын нығайту барысында шынықтыру сабақтарын, шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын, спорттық жарыстар жоспарлап өткізу;

2. Бүгінгі таңның талабына сай балаларға тиімді де нәтижелі білім беріп, адамгершілік қасиеті бар отаншыл азамат тәрбиелеу үшін жұмыс тәсілдерінің жаңа түрлерін қолдану;

3. Балалар үшін есте қалатындай қызықты, өзіндік қайталанбас әсері бар сабақтар, ойын-сауықтар, сайыстар өткізу;

4. Күнделікті сабақ барысында халықтық педагогика бағытын ұстану;

3. Балалар тәрбиесінде имандылық, ізеттілік, үлкенді сыйлау т.б. адамгершілікке баулитын сабақтарды, сонымен қатар қисынды ойлау тақырыбына қатысты дидактикалық ойындарды жоспарлап өткізу.

Әдет-ғұрып, әдептілік дағдыларын меңгертуде "Ас қайыру - ата дәстүрі", "Әдептен аспайық", "Жақсылыққа - жақсылық", "Шын жүректен алғыс айт", "Береке бер, күт Наурыз!" - осы тақырыптар ескеріліп, әр тәрбиеші сабағында өзінің шығармашылық ізденіс пен іскерлігін қолданып, берілген тақырыпты өтсе, мақсат орындалады.

20.02.2021 жыл K00044

## Ертегілер еліндегі ғажайып математика

**СИХОВА ЖАННА АТАПКЕЛОВНА**

*Атырау қаласы, № 3 "Қарлығаш" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі*

**Мақсаты:** Білімдерін тиянақтау.

**Білімділік:** Баланың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімін тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру, қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру, апта күндерін ажырата білуге үйрету.

**Тәрбиелік:** Ойынның шартын сақтап ойнауға, ұйымшыл, көпшіл, шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу.

**Дамытушылық:** Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой - өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Пәнаралық байланыс:** Тіл дамыту, математика, әлеуметтік орта, шығармашылық

**Көрнекілігі:** Геометриялық пішіндер, тура, кері санауға арналған сандар, санауға арналған қонжық маскалары, алма ағашының макеті, шығармашылық ойынға арналған пішіндер салынған кілемшелер, алманың муляжы, үйшік макеті, ертегі кейіпкерлері, слайд.

**Сабақты ұйымдастыру:**

Балалармен шаттық шеңберін құрамыз.

«Әр елдің амандасу салты»

Балалар орындарына отырады.

**Тәрбиеші:** Жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** Көктем

**Тәрбиеші:** Көктем айларын ата?

**Балалар:** Наурыз, мамыр, маусым.

**Тәрбиеші:** Қымбатты балалар, қандай ертегі білесіңдер?

**Балалар:** «Маша мен аю», «Түлкі мен ешкі», «Қасқыр мен қоян»

**Тәрбиеші:** Олай болса, Маша мен аю ертегісінің қойылымын тамашалаймыз! Балалар, бүгін біз ертегілер еліндегі ғажайып пішіндермен таныспақпыз. Ерте, ерте, ертеде бір әсем сарайда Маша атты бір ерке қыз өмір сүріпті, оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты. Жалғыз тұрып іші пысқан Маша былай деп армандайды:

**Маша:**

О, шіркін? Менің мынадай сарайымда көп достарым болса ғой! Мен олармен бірге есеп шығарып, ойнап көңіл көтерер едім.

Осы кезде біреу есік қағады.

**Аю:** Кім бар мына әсем сарайда? Рұқсат болса кірейін.

**Маша:** Мен Машамын. Сен кімсің?

**Аю:** Мен Аюмын. Мен үшбұрыш ала келдім, сені таныстырайын, оның үш бұрышы, үш қабырғасы, үш төбесі бар. Ол тура сенің үйіңнің төбесіне ұқсайды.

**Маша:** А солай ма, мен білмеппін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

**1 - тапсырма. Бір аптада неше күн бар?**

Біздің балаларда апта күндерін айтып береді.

**Маша:** Жарайсың! Кіре ғой сарайға.

Бір кезде Қасқыр келеді.

**Қасқыр:** Бұл сарайда кім тұрады?

**Маша:** Мен Машамын, сен кімсің?

**Қасқыр:** Мен қасқырмын. Менің қолымдағы төртбұрыш, оның төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. Ол теледидарға ұқсайды.

**Маша:** Солай екен ғой, үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

**2 – тапсырма** 1 - ден 5 - ке дейін тура, кері санап бер. 0 1 2 3 4 5 5 4 3 2 1 0

**Маша:** Дұрыс, үйге кіре ғой

**Ойын: Көршісін тап**

**Қоян:** Бұл әсем сарайда кім тұрады?

**Маша:** Мен Машамын, сен кімсің?

**Қоян:** Мен қоянмын, Мен саған таныстыруға дөңгелек әкелдім., оның бұрышы жоқ, допқа, күнге ұқсайды.

**Маша:** мм, қане маған берші, Үйге кіру үшін мына тапсырманы орындайсың.

**3 - тапсырма.**

Алма ағашта бес алма

Қандай тәтті жесе алма,

Бесеуінде жеп қойсаң

Қалады онда неше алма.

**Қоян:** 0 алма.

**Маша:** Дұрыс айтасын, кіре ғой.

**Тәрбиеші:** Балалар мен сендерге осындай есеп айтайын кім шешеді екен?

Төрт қонжық орманда

Келе жатты қорбандап

Біреуі шаршады

Әрмен қарай бармады.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар!

Осы кезде түлкі кіріп келеді.

**Түлкі:** Мына әсем сарайда кім тұрады?

**Маша:** Мен Машамын, сен кімсің?

**Түлкі:** Мен түлкімін. Менің қолымдағы шаршы пішіні.

Оның төрт бұрышы, төрт қабырғасы тең.

**Маша:** Солай екен. Онда сен менің тапсырмамды орында.

**4 - тапсырма. 1 - ден 5 - ке дейін санамақ айтып бер.**

**Данара:**

Бір дегенің бесік, Екі дегенің елім,  
Үш дегенім үміт, Төрт дегенім төзім  
Бес дегенім бақыт,

**Тәрбиеші:** Жарайсың Түлкі.

Енді біздің балаларда санамақ білетін болар, қане кім айтып береді?

**Сергіту сәті:**

Бойды сергек тік ұста Емін - еркін тыныста Оң қолыңды соз алға Қол ұшына  
қарада Үшбұрыш сыз ауада

Сол қол босқа тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын.

**Тәрбиеші:** Енді балалар аңдарды ортағашақырып отырғызайық.

**5 - тапсырма. Саусақпен санап үйренейік:**

Бес кәмпітім көп еді,

Сараңдығым жоқ еді.

Бір кәмпітім Аюға,

Бір кәмпітім Түлкіге.

Бір кәмпітім Қоянға,

Бір кәмпітім Қасқырға.

Өзімеде жете ме?

**Қорытынды.**

**Тәрбиеші:** Балаларға пішіндерге ұқсас заттарды теледидардан көрсету.

Балалар пішіндер туралы тақпақтар айтайық: 1. Пішіндерді үйрендім

Қабырғасы тік сайлы.

Үш бұрыш бұл үйлердің

Шатырына ұқсайды.

2. Бөлініп - ап екіге,

Отырған сәт шетінде.

Төртбұрышта ұқсайды

Үстелдердің бетіне.

6 - тапсырма. Балаларға логикалық сұрақ:

Айгүлдің мамасы дүкеннен екі төртбұрышты доп сатып әкелді. Оның біреуін бөпесіне берді. Нешеуі қалды?

Ағашқа бес торғай қонды, оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды?

7 - тапсырма. Балаларға шығармашылық ойын: «Кілемшені толтыр»

**Тәрбиеші:**

- Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

- Біздерге қонаққа нелер келді?

Маша: Сендермен бірге ойын ойнап, есеп шығарып, көңілімді көтергендеріне қуаныштымын. Сіздерге ризамын.

Тәрбиеші: Балалар сіздерге машаның кәмпиті бар екен.

Балаларды Маша мадақтайды.

Рольдегі балалармен таныстыру:

Маша - Аю - Қасқыр - Түлкі - Қоян -

Осымен бүгінгі «Ертегілер еліндегі ғажайып математика» атты ұйымдасқан оқу іс - әрекетіміз аяқталды.

Балалар: Қол ұстасып тұрайық

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық!

**Күтілетін нәтиже:**

**біледі:** Балалар геометриялық пішіндерді атап, ертегі кейіпкерлерін дұрыс атай білді,

**Игереді:** Дамытушы ойындар арқылы ой қабілеттерін дамыту. Сандарды ажыратуды, кері тура санауды, сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеру керек.

**Меңгерген:** Геометриялық пішіндерді ажыратуды, ертегі кейіпкерлерін шатаспай меңгергендері байқалады.

\* \* \* \* \*

22.02.2021 жыл № K00071

## МАХМУТОВА БАЛҒЫНГҮЛ ИЗБАСАРОВНА

*Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы*

*№ 7 мектеп – лицейі педагог – психолог*

*Өзін - өзі тану мұғалімі*

*Ұстанымы: Үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну. Әр оқушының бойынан жақсылықты тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.*

### **Жас мамандармен психологиялық тренинг**

**Мақсаты:** Жас мамандарға ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру.

Дүниеде мұғалімдіктен асқан мамандық жоқ. Бұл өте қиын және күрделі міндет. Нағыз мұғалім өзі оқытатын пәнді, соған байланысты ғылым саласын терең білуімен, сол білімді балалардың бойына сіңіре білуімен көзге түсіп ерекшеленеді.

Оқушылардың интеллектуалдық дәрежесінің күннен күнге артуына байланысты мектепте жұмыс істеу барған сайын күрделеніп келуде. Қазіргі заман талабына сай білімді, интеллектуалды, ғылым мен техникадан, өнер мен саясаттан хабары бар, жан-жақты мінезі бар мұғалім жоғары бағаланады.



**Жоспары:**

- «Танысу» жаттығуы
- «Мұғалім болу ...» жаттығуы
- Сұрақ менен, жауап сізден
- «Мен қандаймын?»-психологиялық тест
- «Менің ішкі ойларым» жаттығуы
- Қорытындылау

**«Көгілдір құс» ой сергіту,ширату**

Сіздермен бір ой сергітейік. Тест "Көгілдір құс" деп аталады.

Күндердің бір күнінде көгілдір құс бөлмеңізге терезеден ұшып кіріп, торға түсіп қалады. Адасқан құстың бір қасиеті сізді қызықтырып, сіз оны өзіңізде қалдыру туралы шешім қабылдайсыз. Бір қызығы, ол құс келесі күні түсін сарыға өзгертеді. Осылайша бұл таңғажайып құс әр күн сайын жаңа түске боялады: үшінші күні – қызыл, төртінші күні – қап қара. Бесінші күні сіз оянған кезде құстың қауырсындары қандай түске боялады деп ойлайсыз?

Немесе боялғанын қалайсыз?

1. Құс түсін өзгертпей сол күйінде қалады.
2. Ол бастапқыдағыдай көгілдір түске боялады.
3. Ол ақ түске боялады.
4. Құс алтын түске боялады.

Жауабы:

Сіздің бөлмеңізге ұшып келген құс бастапқыда бақыт пен табыстың символы болып көрінгенімен, күтпеген жерден түсін өзгертеді. Осыдан кейін бойыңызда бұл қуаныш сезімі ұзаққа созылмай ма деген қорқыныш пен күдік пайда болады. Ал сіздің таңдаған жауабыңыз алдыңызда кездескен қиындық пен жайсыз оқиғаларға қандай жауап қайтаратындығыңызды көрсетеді.

- Құс сол күйінде қара болып қала береді дегендер өмірге пессимистік көзқараспен қарайды. Сіз жаңбырдан кейін кемпірқосақтың шығатынына сенбейсіз. Мүмкін сізге барлығы осыншалықты жаман болса, бұдан артық қайда барады деп ойлаған дұрыс болар. Есіңізде болсын бітпейтін жауын-шашын немесе таңды атырмайтындай түн жоқ.

- Ал құс бастапқы қалпына келіп, қайтадан көгілдір түске боялады дегендер өмірге оптимистік көзқараспен қарайды. Сіз өмірдің жақсы және жаманнан құралып, екеуінің қатар жүретініне сенесіз. Шындықты қалай бар, дәл солай қабылдайсыз. Өмірдің алып кедергілерін сабырмен қабылдап, күйзеліске бой алдырмайсыз. Осы қасиетіңіздің арқасында өмір арнасында адаспай, қашан да болсын сергек ойлай аласыз.

- Ал құс қауырсындары ақ түске өзгереді дегендер қиын-қыстау кезеңде сабыр сақтап, дұрыс шешім қабылдайды. Дүниенің астаң-кестеңі шығып жатса да, уайым мен қайғыға уақыт жұмсамайсыз. Қателескеніңізді біле салысымен, оны түзеуге асығасыз.
- Ал құс алтын түске боялады деп жауап бергендерді еш нәрседен қорықпайды деп айта аламыз. Сіз нағыз қиындықтың дәмін татып көргенсіз. Сол қиындықтардың арқасында әрдайым сабақ алып, жігеріңізді қайрайсыз. Сіздің ұстанымыңызды Мұқағалидың «Шыда, жаным, шыдай түс, шыда тағы, Мына өмір шыдамдыны ұнатады» деген сөздерімен салыстыруға болады.

### **Ми гимнастикасы**

Американдық психологтар Пол және Гейл Денисон «Ми гимнастикасы» бағдарламасын құрған.

Арнайы таңдалған жаттығулар көмегімен мидың оң және сол жақ жарты шарлардың жұмысын үйлестіреді және дене мен ақыл-ойдың өзара әрекетін дамытады.

- миды белсендіру үшін  
«Мойын бұру» жаттығуы.

Терең тыныс алыңыз, иығыңызды босаңсытыңыз, басыңызды тікелей төмен түсіріңіз. Ақырын басыңызды бүйірден екінші жағына бұраңыз, дем шығарған кезде толығымен босаңсытыңыз. Иегіңізбен кішкене дөңгелек қозғалыстар жасаңыз. Осы қозғалыстардан кейін оқу және сөйлеу кезінде дауысы күшті болады.

«Жалқау сегіздік»

«Үкі»

### **1. «Танысу» жаттығуы**

Әр бір тренинг қатысушылары өз есімдерін айтады және қойылу тарихын баяндайды.

### **2. «Мұғалім болу ...» жаттығуы**

Тренингке қатысушы жас педагогтар бүгінгі тренингімізді «Мұғалім болу ...» жаттығуын жүргізейік. Әрбіріңіз осы мұғалім болудағы мақсаттарыңыз, бұл мамандықты не үшін таңдағандарыңызды осы фразаны жалғастыру арқылы бір сөзбен жеткізіңіздер.

### **3. Сұрақ менен, жауап сізден!**

1. *Ата-аналар жиналысында сіз бір ата-анаға баласы туралы нашар пікір айттыңыз. Ата-ана баласын жақтап, мұғалімді кінәлалады. «Білім, тәрбие*

бере алмайсыңдар», — деп ашуланды. Барлық ата-ана сізге қарап отыр. Қандай жауап қайтарасыз, қандай әдіс-тәсілдер қолданасыз?

2. Оқушы мұғалімге: «Мен бұл оқушымен бірге отырғым келмейді. Оның себебін сізге айта алмаймын». Мұғалімнің жауабы қандай?

3. Оқушы сіздің сабағыңыздан үнемі қашып кетеді. Жетекшінің, мектеп директорының ескертуінен еш нәтиже шықпады. Мектеп әкімшілігі оқушыны қызықтыра алмадың деп сізді кіналады. Басқа оқушылар сіздің сабағыңызды ұнатады. Әлгі оқушымен қандай жұмыс атқарасыз және қандай шара қолданасыз?

4. Сіз үйге тапсыра бардыңыз. Оқушы үй тапсырмасын реферат түрінде, оқулықтан тыс материалмен, ғылыми деректермен дәлелдеп жазып келген, сіз ол деректер жайында білмейсіз, оқушы жұмысын қалай бағалайсыз? Білмейтініңізді білдірмей қалукерек пе?

5. Сабақ үстінде балалар бір келеңсіз іс істеді. Сіз оқушыны кінәлі деп тауып, оған ұрыса бастадыңыз. Қатты-қатты сөз айттыңыз. Бір уақытта басқа бір оқушы ол істі өзінің істегенін мойындады. Ал сіз ашуыңызды бірінші оқушыға көрсеттіңіз. Не істейсіз? Бірінші оқушыдан кешірім сұрайсыз ба? Екінші оқушыға ұрыса бастайсыз ба?

6. Сіз бүгін қандай да бір жағдаймен сабаққа дайын емессіз. Өзіңіз жас маман болғандықтан, жоспарсыз сабақ өту сізге қиынды келтіреді. Сабаққа келсеңіз сабағыңызға кісі қатысып отыр. Не істейсіз? Жағдаяттан қалай шығасыз?

#### **4.«Мен қандаймын?»-психологиялық тест**

Арыстан

Түлкі

Мысық

Қоян

- Үйде
- Жұмыс
- Дос
- Дала (әлеуметтік орта, қоршаған орта)

#### **6. «Менің ішкі ойларым» жаттығуы**

Қызыл түс-қорқыныш (фобия)

Ақ түс- арман

Жасыл түс- қызығушылық

Сары түс – толғандыратын мәселе

Көк түс- қызықты сәт

#### **7. Жас мамандарға арналған өзін қиындық тудыратын мәселелерден шығу жолдарын дамыту М.Лабковский техникасы бойынша**

- Менің алғашқы жұмыс күндерімнің жағымды жақтары;
- Менің алғашқы жұмыс күндерімнің жағымсыз жақтары;

- *Жағымсыз жақтарын қалай дұрыстар едім?*

### **Психологтың қорытынды сөзі:**

Әрбір жас мұғалімнің жаңаша жұмыс істеп, үнемі ізденісте болуы бүгінгі күннің талабы болса, мектептегі басты тұлға – **Мұғалім**.

БІ. Алтынсарин сөзімен айтсақ, «**Мұғалім – мектептің жүрегі**» демекші сіздердің әрқайсысыңыз мектептің жүрегі бола берулеріңізге тілектеспін. Өздеріңіз таңдаған кәсіби мамандықтарыңызды ары қарай дамытып, жоғарыдан көріне беріңіздер

\* \* \* \* \*

22.02.2021 жыл K00070

### **Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру**

#### **ДЖАБАСБАЕВА ГУЛДАНА МЕЙРАМКУЛОВНА**

*Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Бесжылдық ауылы*

*Әзімбек Ысмайылұлы атындағы орта мектебінің*

*бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінде Елбасымыз алға қойған, дамыған отыз елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары-100 нақты қадам»-баршамызға ортақ жауапкершілік жүктеп, Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттарын айқындауды көздейді. Білім мазмұнын жаңарту білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады.

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру-жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, өмірдің өзгерістеріне дайын болатын, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс»,- деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Сабақ мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласы шет қала алмайды.

Сондықтан қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде. Қазіргі заман талабына сай сабаққа қойылатын мақсат міндеттерінің ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған. Репродуктивті білім беру кезінде оқушы тек тыңдаушы, орындаушы ретінде көрінген. Қазіргі таңда оқушыны қалыптастыруға мынадай мақсаттар қойылып отыр.

- Оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
- Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру;
- Жұпта, топта жұмыс жасай білуге үйрету;
- Бір-бірінің білімін бағалауға;
- Жетістіктерін қолдана білуге тәрбиелеу;
- Тез әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту: -Талабын
- ұштап, қиялын дамыту

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі заманда білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек.

Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім беру үрдісінде мұғалімнің оқушыны дұрыс бағалауға көңіл бөлгені дұрыс. Баға—оқушының білімін көрсететін нәтиже.

Мұғалім жаңа форматта құрылған сабақ тақырыбына байланысты критерийлер бойынша немесе бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады. Қазіргі заман ағымына сай болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беру еліміздің басты мәселесі болып табылады.

Яғни, сабағының жемісті болуы үшін үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа бағдарламаны меңгере отырып қолдану әр ұстаздың парызы деп есептеймін. Осы әдістемелік құралдың ішінен мұғалімдер рефлексия мен кері байланыстың айырмашылығын, кері байланыс жасау кезінде және сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді, қысқа мерзім жоспар үлгілерін, ата-анамен жұмыс түрлерін өз тәжірибелеріне пайдалана алады және түрлендіріп, өзгертулеріне болады.

\* \* \* \* \*

№ 1000 20.02.2021 жыл

### **Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды пайдалану**

*СМАГУЛ КУАН ДАХАРУЛЫ*

*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, № 48 ЖББОМ*

*Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен

«Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

### **Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:**

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жаңды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылданду;
- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше

күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы, дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде



болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 6 сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым.

Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Тәңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, тәңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиалық проектор арқылы 5«А» сынып оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің 5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз. Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз. Екінші жыл аталып өтіп жатқан облыстық ұлттық ойындар фестиваліне қатысып асық ойынының «Шыр» түрінен топтық есепте жүлделі ІІ орынға ие болып қаламыздың қоржынына ұпай әкелдім.

Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білемін.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық

сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

- Салт - дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында:

Алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Оқушының «Қайда?» деген сұрағына: Оқушының және ұстаз арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.

Өзімнің 6-сыныптарға өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет.

Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп

өткізуге машықтандыру.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
  2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
  3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
  4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
  5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.
  6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.
- Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

№ K00056 22.02.2021 жыл

**Қазақ халқының қол өнері ою өрнек, жүн және одан  
жасалынатын бұйымдар**

**Юлдашева Нигара Сахабуддиновна**

Шымкент қаласы. А.П.Чехов атындағы № 21 жалпы орта  
білім беретін мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі

Қасиетті қазақ халқының қолөнерінің тарихы тым тереңде. Ол кеңбайтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Жәнеде оған Оңтүстік- Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезкңі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштерге арқа сүйесек, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптері мен күнделікті тұрмыс қажетіне жарап, қол өнердің өз ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған. Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқанына нақты айғақтар: Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, Кригельді өзені аңғарынан табылған керамикалық қазындылар. Қазақ халқының қолөнері ерте кезден ақ әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін қызықтырған. Геродот тіпті былай деп жазып қалдырған: «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған. Жайдың металдан істелген бөлшектері, оғы, айбалталары мыстан істелген. Бас киімдері мен белдік әшекейлері түгелдей алтыннан жасалған. Сондай- ақ, ат омырауындағы өмілдіріктер де мыстан соғылып, жүген сулығы, ауыздығы тағы да басқа бөліктері түгелдей алтынмен әшекейлендіріліп, безендірілген». Геродот пен бірге Ктесий, Страбон да қазақ топырағын мекендеген сақтар мен массағаттардың барлық заттардың әшекейленіп, киімдердің өзіне тән үлгісі барын айтады. Қазақ халқының қолөнері туралы Ресей ғалымдары да сүйсіне әңгімелейді. Мысалы М.А.Леваневский: «қазақтың қандай кәсіпке болмасын, табиғаттан қабілеттігіне сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар шығаратындығына таңданбасқа болмайды. Қазақтың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ыңғайлы» – деп жазады. Ал енді қазақтың ұлттық қолөнерінің таңғажайып туындысы – киіз үй орта ғасыр саяхатшылары Марко Полоны (1230), Плано Карпиниді (1246), Клавихоны (1403), Барбораны (1436), қатты таң қалдырып, олардың тарихи жазбаларынан орын алғаны – біз үшін үлкен мақтаныш. Қазір халықаралық

деңгейде қолөнер көрмесі ұйымдастырылма-ғанымен, бұрын оған айрықша көңіл бөлетін- ді. 1969 жылы 91 жасында қайтыс болған Барлыбаева Рымжанның қолынан шыққан текеметтің кезінде Парижде ұйымдастырылған көрмеге қатысып, талайларды таң қалдырғаны қандай тамаша. Сондай – ақ, қазақтың киіз үйлері 1861 жылы Парижде өткен халықаралық көрмеге қатысып, 1876 жылы Петербургте ориенталистердің үшінші конгресінің Құрметіне ашылған көрмеге, 1890 жылы Қазанда өткен көрмеге қойылған. 1913 жылы Омбы шахарында Романовтар әулетінің 300 жылдық тойларындағы көрмеге Атбасардан Мейрам қажының киіз үйі қатысқан. Халықтың қолөнеріндегі негізгі тұлға- суретші, шеберлер. Қазақ халқының ертедегі шеберлері кімдер? Бұл жан- жақты зерттеуді қажет ететін тарихымыз. Кезінде бүкіл Орта Азия мен Қазақстан есімі кеңінен таныс болған шеберлеріміз туралы айтқанда аузымызға ең бірінші Мұрын жыраудың есімі түседі. Шын аты Тілеген Сеңгірбаев бұл бабамыз өзінің жарты ғасырға жуық өмірін темірден түйін түйіп, алтынды күміске байлап, етік тіккен, тас қашаған. Тек әттең, бай іс- тәжірбиесін үйреніп жазып алып қалмағанымыз болмаса, Қазақстанда Жүсіп, Мақамбет, Күмбетбай, Тәутен, Әбдіғали, Шаяхмет, Аяған деген атақты шеберлер өмір сүрген. 1882 жылы Мәскеудің өндірістік көркемөнер көрмесінің төтенше комиссиясы қазақ шеберлерінің ыдыстарын «жұмысының мінсіздігімен, өрнектердің әсемдігімен ерекше көзге түседі»- деп атап өткен екен. Мінеки, қазақтың қолөнер шеберлеріне Ресей сияқты мемлекеттің берген үлкен бағаларының бірі осындай. Қазақтың ағаш ыдыстарының өзіндік ерекшеліктері оның көлемдігі. Мысалы, бұрын қазақ ауылдарында бір қойдың еті тұтас сиып кететін керсен тәрізді ыдыстар болды. Қазір де оның кейбір түрлері ел ішінде сақтаулы. 1871 жылы Семейдегі көрме ұйымдастыру комитеті өзінің хаттама құжаттарында қазақтың ешбір токорлық станоксыз қашау мен пышақ арқылы тұтас қайыңнан ыдыстарын өте шебер жасайтынын жазып қалдырыпты. Жалпы, қазақ халқында қолөнер шеберлері жасаған ыдыстарының өздері 65 түрлі . Ал музыкалық аспаптары 18 ғылыми деректер бойынша Қазақстан жерінде қолөнер кәсібі мұнан екі жарым мың жыл бұрын түрлі тайпалардың творчествасы арқылы байқап, ұрпақтан- ұрпаққа мәдени мұра болып қалып келеді.

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортаң атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды

бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Халық мұндай адамдарды «оюшы» деп атады. Әрбір елде, әрбір руда атағы шыққан таңдаулы оюшылар болды. Ондайлар өз өнерінің тамаша үлгісін өзінің руына, маңайындағы елдерге таратып отырды. Осыдан келіп әр түрлі ою-өрнектерде, киімдер мен кілемдерде, сырмақтар мен кестелерде және т. с. с. «арғын үлгісі», «керей үлгісі» немесе «ұлы жүздің үлгісі», «орта жүздің үлгісі», «кіші жүздің үлгісі» деген мәнерлер пайда болды. Осы ою-өрнектердің көп қолданылатындарына, сондықтан да халық шеберлерінің көпшілігіне белгілі атауларының кейбір түрлеріне әдейі тоқтап өтейік.

Ою-өрнектердің түрлері.

«Мүйіз» «Қосмүйіз» «Арқармүйіз» «Қошқармүйіз» «Қырықмүйіз»  
«Сынықмүйіз» «Өркеш» «Шыныгүл» «Гүл» «Шытырман» «Түйетабан»  
«Сыңарөркеш» «Балдақ» «Қармақ» «Тарақ» «Қосалқа» «Су өрнегі» «Алаша»  
«Аламыш» «Айыр» «Ботакөз» «Қаңқа» «Омыртқа» «Жіліншік» «Тіс» «Таңдай»  
«Бөрікөз» «Итқұйрық» «Түлкібас» «Жылан» «Құсқанат» «Құсмойын»  
«Құстұмсық» «Қазтабан» «Шетою» «Ирек» «Ирексу» «Қосдөгелек»  
«Тұмарша» «Қостұмарша» «Бағанөркен»

Өрнектердің түстері мен бояулары

Қолөнерде пайдаланылатын бояуларды шеберлер өздері қолдан жасап алатын оларға әр түрлі қоспаларды қосып. Бұрын табиғатта жиі кездесетін және сол күйінде пайдалануға жарай беретін ақ, сары, көк, қызыл және қара топырақтар, түрлі түсті жосалар (сары, көк, қызыл) ағашты, теріні, қайысты бояуға жұмсалған. Сол сияқты малдың қанын, қара бауырын, көк бауырын да бояу ретінде пайдаланған. Көк тікеннің бүрі, мойыл, долана, қарақат, бүлдірген, итмұрын және тағы басқа да осылар тәрізді түрлі жемістердің шырыны да даяр тұрған бояу десе болғандай еді. Халық шеберлері шие жемістерін, әр түрлі өсімдіктерді, олардың қабықтары мен тамырларын қайнатып бояу жасау әдісін көп қолданған. Мысалы, талдың, теректің, қарағайдың, еменнің, алма, анар, жүзім және өрік ағаштарының қабықтарынан қызыл, сары, күрең, қошқыл түсті бояулар қайнатқан. Қына (жер қынасы, тас бетінің қынасы) «томарбояу» дейтін құрай мен тобылғының тамырларын қайнатып та бояу жасаған. Қабықтарды күздігүні жинап қол диірменге тартып не келіге түйіп ұнтақтап қайнатады. Шеберлер, қайнауына қарай, бояуынан арылған ұнтақтарды сүзіп алып тастап, қалған сұйықты одан әрі қайната беру арқылы оны қоюландырған, кейде порошок түріне келтірген. Мұндай қайнатынды бояуға ашудас, мұсатыр, тотияйын, тұз, қарағайдың шайырын қосатын. Сол сияқты қара күйе, ыс, құрым, өріктің, жаңғақтың сүйектері мен бидайдың, арпаның күйіктерінен де

бояу жасаған. Бұларды бірімен-бірін қоспалау арқылы әр түсті бояулар жасалады. Бояулар сіңімді әрі оңбас үшін ермен, көкпек, итсигек, қара жусан сияқты ащы шөптердің тұндырмасын, құрттың сарысуын, кейде май қосатын болған.

Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, содан кейінгісі жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы.

№ K00058 22.02.2021 жыл

### Қазақтың қоңыр дәстүрлі ою-өрнектері

**Алжанбаева Нурбану Турарбековна**

Алматы қаласы Жетісу ауданы Сүйінбай атындағы  
№143 мектеп-лицейдің көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақ халқының ескі заман дәуірінен сөнбес мұра болып, ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, ұзақ жылдар өзіндік тарихымен елімізді бүкіл әлемге мәдени қол өнерімен танытып келген «далалық өркениеттің» алтын бесігі Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан. Қазақ халқы мол байлығымен республика жерінде ескіден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді, салтты өркендетуші, ары қарай жаңғыртып, байытушы. Көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі қоңыр адамзат мәдениетінің дамуын қарастыратын болсақ, мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастың, сұхбаттың үзілмей келе жатқанын көреміз. Белгілі ғалым Л.Н.Гумилев көшпелілер жайында былай дейді: «Біздің дәуірге дейінгі I ғасырдағы көшпенділер мәдениеті ерекше дараланды. Оның үстіне ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. көшпелілер мәдениетінен көп жоғары болған.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғасырдан бастама алып, осыған орай мәдениеттің тарихи қозғалысын, заңдылықтарын біліп-танудың мәні артып отыр. Халық арасында көне мәдениет сырттан келген мәдениет ықпалымен жаңарып, толыққан үстіне толыға түсті деп ойлаймыз. Өйткені қазақ халқының еңбек етуінде көптеген өзгерістер болды. Сырттан келген мәдениетті өз өмір тіршілігіне байланысты өзгерткен. ХІХ ғ. 2-ші жартысы мен ХХ ғ. басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері ең жоғарғы даму баспалдағына көтеріліп, өмірде өз орнын ала білді. Қазіргі таңда біздің пікірімізше, қазақ қолөнерін жан-жақты этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік

тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Қазақтың қолөнері жалпы қазақ мұраларының даму жолындағы, мәдениеттің ішіндегі негізгі бір саласы. Біздің пайымдауымша, бүгінгі күн талабы ұлттық мәдениетті зерттеу, танып білу. Ұлттық мәдениеттің бір саласы қолөнер, яғни ою-өрнек болғандықтан, қолөнер шеберлерінің дәстүрлі талабын да жан-жақты зерттеу болашақ жастардың ісі. Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра. Оны қорғай да, қолдай да білуіміз керек.

Қазақтардың өнері дамыған сайын, тынысы кеңейіп, өнер түрлері Қазақстанның барлық жерлерінде түгелдей өрістеді. Әр өңірдегі өнердің қалыптасып, дамуына көрші халықтардың ықпалы зор.

Ата-бабамыздың қолөнер мұраларын жақсарту – қазіргі заман жастарының ісі, халықтың ертедегі істері жарасымды жалғасын тапса, өнер дамыған үстіне дами береді.

Қазақ «өнер алды-қызыл тіл» дейді. Дегенмен, сурет өнері осы тілден бұрын пайда болған тәрізді. Өйткені сонау тас ғасырынан қалған таңбалы тастарда ою-өрнектер арқылы адам баласы тым ерте-ақ өз ойын суретпен жеткізуге талпынған көрінеді.

Сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінде үңгірді мекендеген адамдар өздерінің тірлігін сурет арқылы баяндап, үңгір қабырғаларына қашап салған екен. Бұл туралы археологиялық деректер мен ғылыми еңбектерде көрсетілген. Одан бері келетін болсақ, б.д.д. V-III ғ.ғ. сақ дәуіріндегі Пазырық қорғандарынан табылған ою-өрнектер қазіргі біздің ою-өрнектерден айна қатесі жоқ дүниелер. Сондықтан біздің тегіміз тым әріде жатқандығын, тіпті ұлт болып қалыптаспай тұрғанның өзінде ою-өрнектің тілі қазіргі біздің ою-өрнектің тілімен бірдей болып тұрғандығы. Соған қарап, бейнелеу өнерінің тарихы тіл өнері қалыптаспай тұрғаннан да бұрын басталғаны байқалады. Күні кеше Берел қорғанынан табылған зергерлік алтын бұйымдар қазақ халқының материалдық байлығының негізі екендігінде дау жоқ. Ондағы аң стилімен жасалған бұйымдарға қарап, зергерлік өнердің тым ерте дамып, биік шеберлікке жеткендігіне ғалымдар қауымы көз жеткізіп отыр. Сондай-ақ Жетісудан, Шілікті жазығындағы обалардан табылған Алтын адамдардың бойындағы әшекейлер тым биік талғам, асқан шеберлікпен орындалуы, тіпті бүгінгі зергерлердің қолынан келе бермейтіндей.

Ою-өрнек (латын тілінен аударғанда әсемдеу, сәндеу) – әр түрлі заттарды, архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған жүйелі ырғақ пен қайталанып отыратын әр үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар. Ұлттық ою-өрнек өзіне тән белгілерінің жүйелерін қазақ халқының қалыптасуымен әрі республиканың қазіргі аумағын мекендеген Азияның басқа да халықтары мәдениетімен тығыз байланыста дамыды. Бұл ортағасырлық архитектуралық ғимараттардағы көгеріс және геометриялық ою-өрнектерден (Айша-бибі, Ахмет Яссауи кесенесі) айқын көрінеді. Қоңыр ою-өрнектің дәстүрлі тоқыма өнері



үлгісінде, кестеде, ағаш, мүйіз, сүйек, металл мен теріге өрнек салу мейлінше жетілдіре түсті.

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қазақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан, ою-өрнек деп қосарланып айтылады.

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнердің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарағаны – ою-өрнек. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді.

Түзу және ойқастыра тоқу тәсілдері көп қолданылады. Түркі халықтарының қолтаңбаларында өрнексіз заттың мәні жоқ. Жалпы қазақ халқы ою-өрнекті қадір тұтқан. Бас киімдегі ою-өрнекке қарап, қай ұлттың ұрпағы екенін таныған, кімнің қазақ, кімнің ұйғыр, татар екенін білген. Қырғыздарда «қошқар мүйіз», «тұмар», «теке мүйіз», ұйғырларда «бадам», «шәдә», өзбектерде «пахта гүл», «бадам» деп аталады. Қазақтардың оюын сипатына қарай теңдеме, жүздеме, сыңар ою деп үш топқа бөледі.

Қазақтар өздері жасаған ою-өрнектің атауын таба білген. Осы атауларды олар өз тіршілігіне лайықты қолдана түскен. Әрбір тарихи кезең өзіндік ою-өрнектермен ерекшеленген. Ескіден келе жатырған мешіт, күмбез ою-өрнексіз жүзеге аспаған. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихын, өмір тіршілігінің сұлулығын және әсемдігін айқындайды.

Зергерлік – өте ертеден келе жатырған өнер саласы. Әсіресе, оған қазақ халқы көп көңіл аударады. Әртүрлі сәнді бұйымдар асыл тастардан жасалған қымбат заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

Қазақ даласында оюлар әр түрлі үлгіде дамыған. Еліміздің әрбір аймағының өзінің стильдік ерекшеліктері, үлгілері болған. Соған карамастан, барлық оюлардың бастапқы элементінің негізі — «мүйіз» тектес ою-өрнек болып саналады. Қазақ халқының тұрмысында жиі қолданылатын: өру, тігу, тоқу, құрау, еріту, балқыту, қию арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме алаша, қоржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Ғалымдардың пайымдауынша қазақ ұлттық ою-өрнектерінің, әзірше 230-дай түрі ғана анықталған. Біз солардың ішіндегі халық арасында ең көп тараған «мүйіз» тектес ою-өрнек туралы сөз етпекпіз.

«Мүйіз» оюы қазақ халқының ою-өрнегінің төркіні деуге болады, өйткені барлық жаңа элементтер соның негізінде жасалып, тек атаулары ғана өзгеріп отырған. Мысалы: «қошқармүйіз», «арқармүйіз», «бұғымүйіз», «қырықмүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «төртқұлақ», «түйетабан», «сыңарөкше», «қосалқа», «құсқанаты», «қаз-табан». Колөнер шеберлері осы элементтердің сан түрлі композициясын жасап, бұйымдарға ұтымды пайдаланып келеді.

Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру, аңшылықты жер-су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесін тұспалдайды, бірақ қолөнер саласындағы қай бұйымды алсақ та, сол заттың бетінде түрлі нұсқада бейнеленген «мүйіз» элементін байқаймыз. Әрбір оюшы ою-өрнек жасап, оған ат беріп, оны тұрмыста қолданған. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең басты мәнері, әртүрлі мәнер жасауда жиі қолданылатыны «мүйіз» тектес ою-өрнектер.

Мүйіз тектес ою-өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсағы зергерлік, кесте тігу, ағаш, сүйек, мүйіз ұқсату сияқты нәзік істерге қолданылса, ірісі кілем, алаша, терме алаша, текемет, сырмақ, ши орау, қоржын, киім-кешек, құрылысқа қолданылады.

Халық шеберлері мүйіз өрнегінен сан қилы мәнерлермен құбылта, бір элементке екінші, үшінші элементтерді қосып, молықтырады да, құлпырған әдемі де мазмұнды композиция жасайды. «Мүйіз» тектес ою-өрнектердің негізі қойдың, арқардың, ешкінің, сиырдың, бұланның, бұғының, қодастың, еліктің мүйіздерін тұспалдаудан пайда болған.

Шеберлер жаңа ою-өрнектерді тұрмыс тіршілігіне өз дәуіріндегі заман ағымына қарай лайықтап пайдаланып келеді.

Қошқармүйіз оюы неше түрі формалаға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына “қошқармүйіз” шет-шетіне “тұмар”, “шаршы” немесе “су” оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман – тілегі, Омыртқа – мал шаруашылығымен тығыз байланысты туған, малдың дене мүшесіне қатысты өрнек. Бұл ою қайраттылықтың, ерліктің белгісі. Ер адамның, батырдың киімінің, кейде құрлардың шетіне салынады. Мұндай оюлардың формасы қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз тәрізденіп келеді де, кейде осы мүйіздің қолтығында қойдың құлағын долбарлаған шолақ мүйіз тәрізді тағы екі буын тұрады. Байқап қарағанда бұдан қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады.

«Мүйіз» — қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнек кейде ұсақ кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз»,

«сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жиһаздарында (кілем, сырмақ, текемет, алаша, көрпе, тұскиіз, шымши) мен тұрмыстық заттарда (саба, шанаш, күбі, ожау, жүкаяқ, торсық, сандық т.б.), сондай-ақ қару-жарақтарда (қынап, оқшантай, садақ), киім-кешек, ат әбзелдерінде (ертоқым, айыл) жалпы бұл элементтің қолданбайтын жері жоқ десе де болады.

«Қосмүйіз» ою-өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді және кейде «ырғақ», кейде «ілмек» деп аталатын оюларды «қосмүйіз» дейді. Үй жиһаздары мен тұрмыстық заттарды, киім-кешек, қару-жарақтарды безендіру үшін пайдаланатын қой, ешкі, сиыр, бұғы, марал сияқты жануарлардың қос мүйізін бейнелейтін ою-өрнек. Қазіргі кезде «қосмүйіз» ою-өрнегін сәукелеге, айыр қалпақтың төбесіне, шетіне, камзолдың алдыңғы жағына, етіктің қонышына салады.

«Тоғызтөбе» ою-өрнегі ең көне оюлардың бірі болып саналады. Бұл өрнек қимақтар мен қарлұқтардың қолөнерінде сақталған және кезінде «тоғыз-төбе» ою-өрнегі Айша-бیبі күмбезінің кірпіштерін өрнектеу үшін қолданған. Ал қазіргі кезде қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ қолөнерінде кездеседі.

«Арқармүйіз» деп аталатын ою-өрнек қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас, бірақ, оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді. (Кілем, тұскиіз, сырмақ, кесте, киім-кешек пен үй жиһаздарында кездеседі).

«Сыңармүйіз» «қосмүйіз», «қошқармүйіз» деп аталатын оюдың тек бір жақ сыңарын ғана бейнелейтін өрнек түрі. Шебер орналастырылған «сыңармүйіз» өрнек композициясында дараланып тұрмай, жымдасып келеді, үй-жиһаздары мен тұрмыстық заттарға, сондай-ақ киім-кешек, қару-жарақ т.б. бетіне салынатын ою-өрнектің бәрінде кездеседі және текемет, сырмақты әшекейлейтін, жиегіне жүргізілетін өрнектің бір түрі.

«Қошқармүйіз» ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады.

Текемет, сырмақ, басқұр, алаша, кілем, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрлерінде кездеседі. Киізден жасалған бұйымдарда бұл ою түсті шүберектермен ойылып, құрақ, яғни аппликациялық өрнек түрінде де тігіледі.

«Қырықмүйіз» ою-өрнегі біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған, көп мүйізден құралған ою-өрнектің бір түрі. Ол көбінесе дөңгелек не төрт-бұрыш ішінде бейнеленеді, кейде бұтақтың ағашы тәрізді тармақталып, жайылып бейнеленеді. Бір-бірімен қосылған бірнеше тармақты көп мүйізді оюлардан құралады. (Тұскиіз, тон, кежім, сырмақ, текемет, архитектура сәулет өнерінде молырақ кездеседі).

«Сынықмүйіз» морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою-өрнек кілемдерді, шилерді, басқұр мен алашаларды, сондай-ақ әртүрлі қалталарды безендіру үшін пайдаланылады, ал сырт көрінісі малдың сынған мүйізіне ұқсайды.

«Төртқұлақ» ою-өрнегінің төрт тармағы зооморфты немесе көгеніс оюларынан құралған, ортасы крест бейнесін жасайды. Төрт тармақтан дөңгелек, «төртбұрыш», «төртжапырақ» құрайтын ою-өрнектер жасалады. Бұл оюлар, кебеже, жүк-аяқ, аяққап, батырлардың шапанының жауырынына, қалқанға, шалбардың тізе тұсына, дөдегенің ортасына немесе шет бұрыштарына салынады.

«Үшқұлақ», «Үшжапырақ» ою-өрнектері барлық қолөнерге тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты болып бейнеленеді. X-XI ғасырда Тараз қаласындағы моншаның қабырғалары үш жапырақты ою-өрнекпен бейнеленген.

«Түйемойын» ою-өрнегі түйенің мойнына ұқсап иіле көтеріліп барып тармақталатын мүйіз оюы. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюларымен тұтас келеді де, «түйемойын» өрнегі сол топта өз алдына оқшауланып өзге денелерден озып тұратын түйенің ұзын мойнына ұқсайды.

«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, түскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу тек симметриялық тепе-теңдік үшін ғана емес, сонымен қатар береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

«Айыр» ою-өрнегі «ашатұяқ», «айыртұяқ» өрнегі кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айыр құралға ұқсас болып келеді.

«Ботакөз» ою-өрнегі әшекейлі композицияның ортасына салынатын немесе бірнеше қайталанып келіп, шетін көмкеретін жиектеме түзейтін ою. Сырт пішіні ботаның көзіндей дөңгеленген ромбқа ұқсайтын геометриялық ою-өрнек. Бұл орамалдың шетін көмкеретін жиектеме түзейді.

«Қаңқа» ою-өрнегі тоқыма бұйымдарында қолданылады. Малдың құрап қалған сүйегін тұспалдайды. Алаша, басқұр бау т.б. тоқыма бұйымдар негізінде өрнек ретінде салынды.

«Қарта» ою-өрнегі төрттүлік малдың дене мүшелеріне еліктеуден шыққан, және сол мүшелердің атымен аталып кеткен. Бұл өрнек түрі ағаш оюда, зергерлік бұйымдарда, кесте тігуде кездеседі. «Қарта» өрнегі жүрекке ұқсаңқырап келеді.

«Қабырға» бұл өрнекте қарама-қайшы түстер қатар алынады. Ақ немесе сары фонда қара өрнек жүргізіледі. Бұл өрнек ағаш бетіне бедер түсіруде, кесте тігуде кездеседі және басқұрға да осы өрнектер жиі бейнеленеді.

«Омыртқа» ою-өрнегін кестелерден, өрме шилерден, сүйек пен ағаштан жасалған бұйымдардан жиі көреміз. Бұл өрнек түрі омыртқаның түрін

тұспалдайды, ол әртүрлі үйлесімде түрленіп ою композициясының ортасына және жиегінде қолданады.

«Қайнар» ою-өрнегі малды өлкеде өмірге келген, оюдың түстері салқын түстер гаммасынан кұралады. Бұл ою-өрнек жайылымдар мен суаттардан тапшылық көрген елде пайда болған өрнек мал таңбасына ұқсайды немесе судың бір тамшысынан тұспалдайды.

Қорта айтқанда ою-өрнек – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы ою ойған адамның жүрегі жылы, жаны нәзік болады.

«Қошқармүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. Қошқармүйіз онымен қатар әр заттың көлемі, сәнділік пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес бітпес оюлар салынады. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «түйетабан», «құсмұрын» т.б.аттармен аталған.

Бұл мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық қоңыр ою-өрнектерімізді, кәзіргі жаһандық заманда аман сақтап, жастарымыздың бойына ұялата білу біздің парызымыз.

№ K00055 22.02.2021 жыл

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық  
технологияларды тиімді қолдану

**Абдрахманова Гульмира Ануарбековна**

Алматы қаласы Медеу ауданы  
№ 159 Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның  
ағылшын тілі пәні мұғалімі

«Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» (Н. Ә. Назарбаев)

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз- өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа форматты мұғалім – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға болып табылады. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. «АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз. Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу; Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау). Оң мотивацияларды қалыптастыру – мұғалімнің кәсіби міндеті. Мотив оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны

меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс - әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль - сабақ, саяхат - сабақ және т. б. жатқызуға болады.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы *«оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек»* деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Шетел тіліне оқытуда интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтейін. Мысалы: оқушылар интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге, белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалар мен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар. Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай-ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу сияқты интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады.

Интернет өзінің барлық мүмкіндіктері және қорларымен қоса, осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып табылады. Біз интернет арқылы көп нәрсе істей аламыз. Мысалы, youtube арқылы көптеген видеоларды сақтауға болады.

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, компьютер) пайдалану оқушылардың өз тілінде сөйлейтін

адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай оқушылардың сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

\* \* \* \* \*

№ K00056 22.02.2021 жыл

**«Тестілеу – оқушылардың білім, білік,  
дағдысын бақылаудың бір түрі»**

**Сыдыкбекова Гулнар Шарипбаевна**

Б.Ғ.М Ұлттық тестілеу орталығы. Алматы қаласы  
Халықаралық білім беру корпорациясындағы филиал басшысы

Әлемде тестік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру, жоғары технологиялар қатарына жатқызылады.

Тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде қазіргі білімінің ажырамас бөлігіне айналған жастардың дайындық деңгейін және жалпы білім сапасын болжаудың тиімді құралы ретінде пайдаланылады.

Оқушылардың білімнің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін бақылауды ұйымдастырудың бір түрі – тесттік бақылау жүйесі. Ол оқушылардың өз бетінше жұмыс әрекетін арттырып, оқытудың тиімділігіне қол жеткізіп, ойлау қабілетін шығармашылық әрекетін белсендіреді. Осыларға қоса оқушылардың білімдеріндегі оқулықтар анықталып, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Тест тапсырмаларын мұғалім өз қалауынша тақырып, тарау бойынша құрайды. Бірақ тесттердің көмегімен оқушылардың шығармашылық дәрежесін бақылау мүмкін емес. Толық педагогикалық мақсатқа жету үшін оқу үрдісінде тесттерді тексерудің барлық басқа түрлері мен тәжірибелік, семинар сабақтар, реферат, баяндама әзірлеу арқылы оқушылардың нақты даярлық дәрежесін көре аламыз.

Соңғы жылдары тестік әдіс оқу білімге қатысты барлық ұйымдарда кеңінен қолданып жүр. Тест дегеніміз не?

Тест арқылы сынауда қандай жаңалық бар? Оның сұрақтары қалай дайындалады, оны қалай өткізеді, тест арқылы сұраққа қалай дайындалу керек?



«Тест» - ағылшын сөзі, сынақ, байқау деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш рет оқушылардың білімін тексеру үшін тестіні ағылын педагогы Дж. Фишер 1864 жылы қолданған.

Бүгінде тест қолдану оқытушылармен қатар оқушылар үшін де көп тиімді екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Нәтижесі тікелей белгілі болады. Тестік әдіс талапкердің білім дәрежесін анықтауда көп уақыт алмайды.

Тест – оқушылардың білімін және дағдыларын тексеретін құрал болып табылады.

«Педагогикалық тест» деп белгілі мазмұны бар, ерекше формадағы тапсырмалардың жүйесін атайды. Тест сынаққа түскендердің бір пән бойынша білімінің құрамы мен құрылымын анықтайды. Басқа сынақ жұмыстарымен салыстырғанда, тестің артықшылығы оның объективті, сенімді, көп варианттылығы болып табылады. Тестің міндетті түрде бірнеше варианты болуы керек. Бұл тексеру кезіндегі тиімділікті арттырады, өйткені мұнша тапсырманың барлығын жаттап алу, есте ұстау немесе көшіріп алу мүмкін емес. Тест тапсырмалары тек бақылау ретінде емес, оқушыларды үйрету, машықтандыру үшін де тиімді. Педагогикалық тест арқылы әрбір оқушының білім деңгейін нақты және тез анықтауға болады.

Педагогикалық тест нәтижелі болу үшін оның қорытындысын міндетті түрде статистикалық өңдеуден өткізу керек. Педагогикалық тестіні құрастыру күрделі іс болып табылады, бірақ мектеп мұғалімі тест тапсырмаларының комплектісін жасай алады. Ал, тест тапсырмалары сабақ барысында оқушылардың білімін тексерудің қатаң формасын машықтандырады.

Тест тапсырмасына қойылатын негізгі талаптар мыналар:

2. Тест жұмысын өткізуде белгілі бір уақыттың болуы;
3. Тапсырмаларды орындау үшін берілген нұсқаулардың түсінікті, айқын болуы;

Тестілеу - белгілі бір мәндер шкаласы бар стандартталған сұрақтар мен есептер пайдаланатын психологиялық диагностика әдісі.

Тестілеу процесін 3 кезеңге бөлуге болады:

1. тестіні таңдау (тестілеудің мақсатымен және тестілеудің дұрыстығымен сенімділік дәрежесімен анықталады)
2. оны өткізу (тестіге берілген нұсқамен анықталады)
3. нәтижелерді пайымдау (тестілеудің пәніне қатысты теориялық рауалылықтар жүйесімен анықталады)

Үш кезеңнің үшеуінде де білікті психологтың қатысуы қажет.

Тестілер – жеке тұлғалардың даралық психологиялық қасиеттерін, сондай – ақ білімін, білігі мен машығын салыстырмалы шаралармен өлшеуге арналған стандартталған тапсырмалар: психологиялық диагностиканың негізгі әдістерінің бірі.

Тестілеу – модельдік жағдайлар болып табылады, олар арқылы индивидтің тән сипатты реакциясы анықталып, зерделенетін нышан көрсеткіштерінің жиынтығы деп есептелінеді.

Тестілер төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталады:

1. қажетті жабдықтау және өткізу рәсімінің қарапайымдылығы
2. нәтиженің тікелей анықталуы
3. жеке және топтық жағдайда қолданылуы
4. математикалық өңдеуге қолайлылығы
5. қысқа мерзімділігі
6. белгіленген стандарттың (норманың) болуы
7. ақиқаттылығы

Дегенмен дәстүрлі әдіспен салыстырғанда оқушылардың білім,білік, дағды деңгейін тест арқылы тексерудің өзіндік кеміліктері де бар:

1. Нысапсыз іріктеу арқылы жауапты кездейсоқ табудың басым мүмкіндігі
2. Әрекет нәтижесінің тек соңын тексеру
3. Мұғалімнің қиын жағдайда тап болуы, көбінесе оқушының логикалық ойлау деңгейін анықтауға мүмкіндіктің болмауы.

Яғни, тестік бақылау жұмыстары оқушылардың білім сапасын тексеруде негізгі нысаны болып қала алмайды, керісінше ол оқушылардың білім, білік, дағдысын анықтауда басқа да бақылау әдістерімен және нысандарымен үйлесіп қолданылуы керек. Сөйтсе де тестік тапсырманы орындату арқылы оқушылардың өткен тақырыптар бойынша жинақтаған білім сапасын анықтауға нақты мүмкіндік туады. [12. 6 б]

Тестілік тапсырмаларды орындату барысында мұғалімнің оқушыларға тест туралы қарапайым ұғымдарды түсіндіре отырып, тапсырманы орындау әдісімен таныстырып кеткені де абзал.

Мысалы, берілген белгілі бір уақытта үлгеру үшін оқушылар №1 сұрақпен танысып, егер сұрақтың нақты жауабын білетін болса бірден белгілеп келесі сұраққа көшіп отырады, ал егер сұрақтың жауабын бірден есіне түсіре алмаса, уақытын жауап іздеп жоғалтпай, бірден екінші сұраққа көшкені дұрыс. Осы әдіспен тестің аяғына шыққан оқушы жауабын таба алмаған сұрақтарға басынан бастап қайта оралып, нақты жауапты іздеуге алғашқыдан сәл көбірек уақыт бөлу арқылы шешуін тауып, тағы да келесі сұрақтарға көшіп отырады. Міне, осылай тестілік тапсырманы бас аяғына дейін екі – үш рет айналып шыққан оқушы берілген уақытта тапсырманы толық әрі сапалы орындауға мүмкіндік алады.

Бір пән бойынша берілген тестілік тапсырманы орындауға бір академиялық сағат (45 минут) бөлінеді. Тестілік тапсырмаларды сыныптың барлық оқушылары бір мезгілде әр оқушы дербес орындайды. Тестілік тапсырмалар жазбаша түрде (компьютерлік нұсқада) теріліп әр оқушыға беріледі. [12. 8 б]

ҚР бастауыш мемлекеттік стандарттарында бейтаныс мәтінді оқуға арналған талап пен тестілік бақылауды ұйымдастыру уақыты және оқушының бір сабақта орындайтын тестілік тапсырмалардың мөлшері белгіленген.

Дегенмен, сынып оқушыларының ерекшелігін, тест сұрақтарының мазмұндық деңгейін, сипатын ескерген жөн.

Берілген тест түрлерін оқу үрдісінде қолдану арқылы мұғалім өзінің педагогикалық - әдістемелік шеберлігін үздіксіз бақылауды жүзеге асыра алады. Оқушы білімі мен білігіндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді. Сонымен қатар, бұл тестілермен жұмыс істеу барысында оқушыларда өзінің оқу жұмысындағы жетістіктері мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, нәтижесін үлгімен салыстырып, өз еңбегіне талдау жасап, практикалық қызмет атқарып, өз табысынан ләззат алуға, сөйтіп білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады.

Тестілеу жұмысын ұйымдастырып, оның қорытындысын жан – жақты талдаудан өткізген мұғалімдер тестілік талдаудың нәтижесіне сүйене отырып, алдағы уақыттағы жұмыс жоспарын құруы тиіс. Тесті бағалаудың мынадай ережесі бар. Егер тест ережесі бойынша он сұрақ болса, оқушы сол сұрақтардың дұрыс жауап бере алған жағдайда 10 балл алып «5» бағасына ие болады. Берілген тапсырманың 8 және 9 сұрақтарына жауап дұрыс берілсе «4» бағасы, 6-7 сұраққа жауап берілсе «3» деген бағасы қойылады. Оқушы 5 сұраққа немесе төмен мөлшерде дұрыс жауап қайтарса «2» бағасы қойылады, ал 1-3 тапсырма ғана орындалса оқушы «1» баға алады.

Тест 20 сұрақ болған жағдайда былай бағаланады:

5 сұраққа толық және дұрыс жауап берілсе - 2 балл, тапсырманың 6 дан 10 сұраққа дейін дұрыс жауап қайтарылса – 3 балл, тапсырмадағы 11 ден 15 сұраққа дейін қайтарылған жауабы дұрыс болса – 5 балл қойылады.

Тест бірнеше нұсқадан жасалса, оқушылар қайтарылған жауапты бірінен – бірі көшіре алмайды.

Мұндайда әр оқушы өзіне берілген тест тапсырмаларымен шұғылданатын болады. [13. 18 б]

Мектепте оқушы білімін бекіту, қайталау, алған білімді жүйелеу және бақылау мақсатында пайдалануға болатын тестің бірнеше түрлері бар.

1. Толықтыру тесті: оқушыларға тапсырма сөйлем түрінде беріледі де сөйлемдегі кей сөз орынына (цифр, формула, сөз т.б) үш нүкте беріледі.

Мұндай тапсырмадағы жауап қысқа тұжырымды бір мәнді болуы шарт.

2. Таңдамалы тесті: оқушыларға берілген тапсырмамен қоса оның дұрыс және дұрыс емес жауаптары беріледі. Тапсырма карточка арқылы беріліп, оның жауабының саны төртеуден кем болмағаны жөн. Оқушы жауабы бағдарламаланған құрылым арқылы немесе перфокарта кілті болады.
3. Еске түсіру тесті: сұрақ нақты беріледі де, жауабы бір мәнді болуы шарт. Еске түсіру тестінің сұрақтарын түзегенде сұрақ нақты, анық қойылады, ал жауабын сөз, сан, формула т.б түрде берілуі мүмкін.
4. Сәйкестендіру тесті: мағынасы бір – бірімен байланысты тапсырмалардың екі бағанға әр түрлі ретпен орналастырылуы. Мұндай тесті жасауда бірінші бағанда қысқа тұжырымды сөйлем болса, екінші бағанда сәйкес сөз, белгі, сызба болуы керек. Сөйлем саны 5 тен 15 ке дейін болса, екінші бағандағы сөз, белгі, сызба, нұсқа т.б саны екі – үшеуі артық болғаны.
5. Реттік тесті: бақылау объектісі (құбылыс, шамалар, формула т.б) ретімен жазылуы (айтылуы) керек. Тесті тапсырма дайындағанда оның саны 10 шақты болғаны жөн.
6. Аралас тесті: оқушыға берілетін тапсырма әртүрлі тест түрінде (мысалы: толықтыру, таңдамалы т.б) беріледі.
7. Кәсіптік бағдар тесті: мазмұнына қандай да бір кәсіптің пәндік оқыту кезеңінде айқындалуына немесе одан бір мағлұмат алатынына негізделеді.
8. Баламалы тесті: тестің бұл түрін жасауда жауабын білуге ықпал ететін сөзден аулақ болған жөн. Сөйлем қысқа тұжырымды, мазмұнды бір мәнді болғаны дұрыс. Тестің мұндай түрінің жауабы сөзбен (дұрыс, дұрыс емес) ия немесе жоқ немесе белгілер арқылы +, - т.б беріледі. Мұндай типтен тестік тапсырманы графикалық диктант үлгісінде пайдалануға болады. Тестік бақылау нормалары жайлы айтқанда:  
Біріншіден – тестік сұрақтың 10 – 15 тен кем болмағаны дұрыс. Екіншіден – бағалауда субъективтіліктің өте – мөте аз болуы үшін мазмұнына сәйкес тестің түрін дұрыс таңдай білу көп мәселе шешеді.  
Үшіншіден – критериінде төмендегі қағиданы басшылыққа аламыз. Жалпы тестік бақылауда объективтіліктен гөрі субъективтіліктің басымдылығы ескертіліп, бағалау критеріі соған сәйкестендіріледі. Яғни жалпы сұрақтың дұрыс жауабына қойылатын баға:  
70% - ке дейінгі дұрыс жауапқа – 2  
70% - 90% аралығындағы дұрыс жауапқа – 3  
90% - 100% аралығындағы дұрыс жауапқа – 4  
100% дұрыс жауапқа – 5  
Тест әдісінің артыюшылығы:  
1. Тексерудің, бақылаудың объективтілігі  
2. Тест арқылы бағалау нақты әрі дифференциалды сараланған, даралық сипатта

3. Дәстүрлік тексеру әдісінен тиімдірек  
Біріншіден оқушылардың үлкен топтарымен жүргізуге болады.  
Екіншіден уақыт үнемделеді, шектеулі  
Тест жүргізу шектеулі  
Тесттің мәні – оның қабілеттерін айқындау, өлшеу, құралы болуында

Өлшеу, айқындау пәніне қарай тест түрлері:

Психологиялық педагогикалық

Тестердің (типі) түрі:

(нормативті – ориентированные) (критериально - ориентированные)

(қалыптық - бағдарлы) (өлшемдік сындарлық – критерий) бағдарлы

Жазба графикалық жұмыстарды оқушылар жұмысының нәтижелерін зерттеу – оқушылардың даралық ерекшеліктерін жұмысқа қатынасын білім, дағды, іскерлік деңгейі жайында мәліметтер береді.

3. Тест құрастыру тәсілі

Тест сұрақтары бойынша жауап беру үшін төмендегі жағдайларды ескеру қажет.

1. Тесті ашық түрде беріледі. Оған толық жауап беріледі, ережесі айтылады, мысал келтіреді.

2. Тесті жабық түрде беріледі. Оған қомысша «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді.

3. Тесті сұрақтары мен оның жауаптарының барлық варианттарын дұрыс оқып, анықтап, айырып түсініп ал.

4. Түсінбеген сұрақтарын сұрап ал.

5. Сұрақтарының бірнеше вариантының біреуі ғана дұрыс екенін ескер.

6. Егер бір сұраққа жауап беруге қиналсаң, оны ең соңына қалдыра тұруыңа болады.

7. Тесті сұрағының жауабы төмендегідей жазылады.

Бұйыру рай формасында тұрған сөзді тап:

А) өте Ә) мол Б) жиі В) жап Г) тура

Дұрыс жауабы: 1 – В

8. Тесті сұрақтарының 65% жауап берген оқушы ғана қанағаттанарлық баға алады.

9. Тесті сұрақтары мен жауаптарын бірге қосып, жұмыс соңынан емтихан қабылдайтын мұғалімге тапсырады.

Тест жүргізу арқылы ойға алған мақсат тез орындалады, уақыт үнемделеді, оқушылар өзін - өзі бақылайды.

Бақылаудың тест әдісі арқылы қорытындысында дарынды, білгір оқушылар анықталады. Әлсіз оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, көмек беріледі. Енді өз тәжірибемде тест тапсырмаларын зерттеу жұмыстарын жүргізуде мынадай әдістер басшылыққа алынады.

\* \* \* \* \*

23.02.2021 жыл L00030



**«Бәйтерек» Бөбекжай-бақшасы  
балалардың сүйікті мекені**

**УЛУКПАНОВА ЭЛЬМИРА  
ЕСЕЛЬБАЕВНА**

Ақтөбе облысы, Мұғалжар  
ауданы, Құмсай ауылы.

«Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының  
тәрбиешісі

Бала-біздің болашағымыз. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу балабақшадан бастау алады.

Балалар – еліміздің бүгінгі мен ертеңі. Мемлекетіміздің басты байлығы, әрі тірегі. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің алғашқы даму кезеңі, білім мен тәрбие берудің алғашқы сатысы-балабақша. Н.Ә.Назарбаев

Балабақша- баланың бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық яғни адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, тәлім-тәрбие және біліммен сусындатып, бағыт-бағдар беретін орта. Осындай ортаның бірі біздің «Бәйтерек» бөбекжай – бақшасы. Осыдан 10-жыл бұрын жаңа үлгіде салынған, екі қабатты ғимарат, бүлдіршіндеріміздің сүйікті мекеніне айналды. Балабақша заман талабына сай жабдықталған. Қазіргі таңда бөбекжайда бір топ, 25-бала тәрбиеленуде. Білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер мен жаңаша көзқарасқа бетбұрыс алған бағыт- мектепке дейінгі тәрбие мәселесі. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім берудің жаңа тәсілдерімен, тәжірибелері кең таратылып қолданылуда. Біздің бөбекжай- бақшамыз да тыс қалған емес. Бүлдіршіндерге тәлім-тәрбие беру барысында, балабақша мамандары өз үлестерін қосуда. Ұжымда өз білімдерін жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, оқу тәрбие жұмысын балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қызықтыда мазмұнды етіп жүргізуде.

Бәйтерек жұмысының жандануына, ұжымның, тәрбиешілердің «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» әрбір жасайтын жұмыстарына жағдайлар жасалып, шығармашылық жұмыстарының өсуіне көмек көрсетіп, ұжымды бір кісідей жұмылдыра отырған, бөбекжай меңгерушісі Ақлима Абылқасованың еңбегі зор. Қарамағында арнаулы және жоғары білімді мектепке дейінгі тәрбие бөлімін бітірген мамандар қызмет етеді. Ұжымда әдіскер, психолог, саз жетекшісі, тәрбиешілер және басқа да қызметшілермен толықтырылған. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» жүйесін жүзеге асыру-ұжымның басты мақсаты. Балабақша ұжымы күнделікті іс-әрекеттерінде жаңа технологиямен әдіс-тәсілдерді түрлі элементтермен ұштастыра отырып, үлкен ізденіспен жұмыстар жүргізеді, баланың жан-жақты дамуына әсер ететін, түрлендірілген дидактикалық ойындары әрбір оқу қызметінде көрініс табады, ұжым қашан да белсенділік танытып отырады. Әр маман өз ісін үлкен жауапкершілікпен атқарады. Педагогтар күн тәртібіндегі жұмыс әрекеттерін, әрдайым жоғарғы деңгейде өткізуге жұмыла кіріседі. Қойған мақсаттарына жете біледі. Бөбекжай-ата-аналармен де үнемі тығыз байланыста, балаларының балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шараларды жиі өткізіп тұрады. Оған сауықтыру кештері, көріністер, ертеңгіліктер, психологтың тренингтері жатады. Оларда балаларының жан-жақты өнерлі, саналы тұлға болып қалыптасуына өз үлестерін қосып отырады. Балабақшада түрлі іс-шаралар, мерекелік ертеңгіліктер, эстафеталық ойындар, ұлттық ойындар, түрлі байқаулар өткізіліп тұрады.

Балабақша тәрбиеленушілері осы жылдар ішінде аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысып, түрлі жүлделі орындарға ие болды, педагогтар да аудандық, облыстық көлемде түрлі байқаулардан дипломдармен, алғыс хаттармен, мадақтау грамоталарымен марапатталып келеді.

Жас ұрпақ-біздің болашағымыз,-деп болашақ ұрпағымыздың білімді, тәрбиелі тұлға болып қалыптасуына аянбай еңбектеніп, өз үлестерін қосып жатқан, балалардың сүйікті мекеніне айналған «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы.

## МАЗМҰНЫ

1. УМИРБАЕВА ГУЛЬЗИРА ДЖУМАНОВНА
2. РУСТЕМОВА ЖАНАР НУГМАРОВНА
3. ШЕЛЕКБАЕВА КАМАШ АБДУАЛИЕВНА
4. БЕЛЬГИБЕКОВА РАУШАН СЫРДАРБЕКОВНА
5. СЕЙДАХМЕТОВА РАУШАН СУИТБЕКОВНА
6. ДУЙСЕНБЕКОВА УЛШАТ САҒЫМБЕКОВНА
7. СИХОВА ЖАННА АТАПКЕЛОВНА
8. МАХМУТОВА БАЛҒЫНГҮЛ ИЗБАСАРОВНА
9. ДЖАБАСБАЕВА ГУЛДАНА МЕЙРАМКУЛОВНА
10. СМАГУЛ КУАН ДАХАРУЛЫ
11. АЛЖАНБАЕВА НУРБАЛУ ТУРАРБЕКОВНА
12. АБДРАХМАНОВА ГУЛЬМИРА АНУАРБЕКОВНА
13. СЫДЫКБЕКОВА ГУЛНАР ШАРИПБАЕВНА
14. УЛУКПАНОВА ЭЛЬМИРА ЕСЕЛЬБАЕВНА